Берке-ханда Мысыр сұлтаны Бейбарысқа жазған хатында амандық-саулық сұрасып, өз ризашылығын білдірді және өзінің шынайы діннің шамшырағын жағушы ретінде имам мен мұсылман халқының кегі үшін Хулагуға қарсы шыққан алғашқы шайқасы жөнінде сипаттап жазды. Ол Мысыр сұлтанына екі жақтан Хулагуды қыспаққа алу үшін бір уақытта соғысқа шығуына табанды түрде өтініш жасап, жорықтан кейін Иран территориясының бір бөлігін беруге уәде етті. Рукн ад-дин Бейбарыс мәліметіне сәйкес, Берке елшілері әмір Джалал ад-дин ибн ал-Кади мен шейх Нур ад-дин Али бастаған елшілердің Мысырға 661 х.ж. (1262/63 ж.) келгенін баяндап, Алтын Орда ханы жазған хатының мазмұнына байланысты оның исламға шынайы түрде бет бұрғанын былайша сипаттайды: «Сұлтан менің Алла сөзін жоғары көтеру үшін, исламға ыждағаттылықпен тәубе еткенім үшін өзімнің қаны жағынан туыстас Хулагуға қарсы шайқасқанымды білсін, өйткені ол [Хула-гу] бүлікші, ал бүлікші Алла мен оның елшісіне сенім білдірмейді», - деген еді [4, с. 99].

Сонымен қорытындылай келе, Берке ханның ислам дінін қабылдауы Алтын Орда тарихы үшін үлкен оқиға болды. Берке-ханнан бастап, ислам діні мен оның негізіндегі араб-мұсылман мәдениеті Дешті Қыпшақ даласына мықтап ене бастады. Нәтижесінде жарты ғасыр өткен соң, Өзбек, Жәнібек хандар кезеңінде Алтын Орда ислам дінін мемлекеттік дінге айналдырды. Берке хан кезеңінде Таяу Шығыстың мұсылман әлемімен саяси-экономикалық және мәдени-рухани байланыстар күшейді. Берке-хан мен Бейбарыс сұлтан арасындағы Мысыр мен Алтын Орда арасындағы қарым-қатынастардың бастамасын жасап, бұл 177 жылға созылды. Дегенмен, ортағасырлық мысыр мен түркі авторларының еңбектеріндегі Беркенің діни тақуалығы, діни саясаты мен Алтын Орда мен Мысырдың Хулагулық Иранға қарсы соғысындағы ислам дінінің рөлі жөнінде тым асыра дәріптелген.

Пайдаланылған әдебиеттер

Өтеміс қажы. Шыңғыс-наме / Факсимиле, транскрипциясы, мәтіннамалық ескертулер, зерттеу мақалалар В.П. Юдиндікі. Алғы сөзін жазған, түсіндірмелері мен көрсеткіштерін жасаған М.Қ. Әбусейітова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 400 б.

Почекаев Р.Ю. Цари ордынские. Биографии ханов и правителей Золотой Орды – СПб.: Евразия, 2010. – 408 с.

Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы: он томдық. – Астана: «Фолиант», 2005. – 3 т.– 512 б.

Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. В.Г. Тизенгаузена. Извлечения из сочинений арабских. – СПб., 1884. Т. I. – 563 с.

Батырша-ұлы Б. Мысыр Мамлук мемлекетінің Дешті-Қыпшақпен байланыстары. XIII-XV ғғ.: зерттеу. – Алматы: Экономика, 2005.– 351 с.

Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем / Подготовка к новому изданию, введения, дополнения и комментарии Б.Е. Кумекова, А.К. Муминова. – Алматы.: Дайк-Пресс, 2005. – Т. I. – 709 с.

DİN BİLGİ FORMASYONUNUN BELİRLENMESİNDE HADIAT AL ARİFİN'İN ROLÜ

ДИНИ ИДЕНТИФИКАЦИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ДӘУІРЛЕРІН АНЫҚТАУДА «ХАДИҚАТ АЛ-‘АРИФИННИҢ» МАҢЫЗЫ

THE ROLE OF “HADIAT AL-ARIFIN” IN THE DETERMINATION OF THE FORMATION OF RELIGIOUS IDENTIFICATION

Omer TUYAKBAY*

Oraz SAPASHEV**

Öz: Makalede Ortaçağda hagiografik eserler “Hadqat al-‘arifin” (XIV c.) İskhāh hāādjā ibn Ismā’l At-al-Qazığurti at-Turkistānī’nin incelenmesine anlam veriliyor. Yazıda, bu eserin önceki Türk Sufi geleneği bağlamı da ele alınmaktadır. Buna ek olarak, yazarın rehberliğinde emeği yaratmaya olan niyeti gösteren amacı ortaya çıkmaktadır. Dolayısıyla, tarihsel-kültürel ve kaynak araştırması değeri olan “Hadiqat al-‘arifin” ortaçağ Türk-Müslüman toplumunun bir kaynağı olarak ortaya çıkmaktadır.

Anahtar Kelimeler: Türk Dünyası, Ortaçağ, Toplum, Sufiye Hagiografyası, Apolojistik, Dini Miras, Çağatay Dili.

Abstract: The article is devoted to the study of medieval hagiographic works “Hadiqat al-‘arifin” (XIV c.) Iskhāq hwādjā ibn Ismā’l Atā al-Qazığurti at-Turkistānī. The article deals with the apologetic aspects of this work in the context of the preceding Turkic Sufi tradition. In addition, motives are revealed, partly revealing the intention that guided the author in the creation of labor. Thus, the historical-cultural and source-study value “Hadiqat al-‘arifin” is revealed as a source of the medieval Turkic-Muslim society.

Keywords: Turkic World, Middle Ages, Society, Sufi Hagiography, Apologetics, Spiritual Heritage, Chagatai Language

Түйін: Мақала Исхақ қожа ибн Исма’ил Ата ал-Қазығурти ат-Туркистанидің «Хадикат ал-‘арифин» (XIV ғ.) атты агиографиялық

* Тұяқбаев Ө., әл-Фараби ат. ҚазҰУШығыстану факультеті ТҮРКСОЙ кафедрасы PhD докторанты (otuyak_76@mail.ru).

** Сапашев О., әл-Фараби ат. ҚазҰУ Шығыстану факультеті ТҮРКСОЙ кафедрасы, доцент, ф.ғ.к. (sapashevo@gmail.com).

шығармасына арналған. Мақалада түркі тілінде жазылған шығарманың сопылық дәстүрді баяндаған контекстіндегі апологетикалық аспектілері қарастырылады. Сондай-ақ, автордың шығарманы жазуда алдына қойған негізгі мақсаттарын ашықтайтын мотивтер талқыланады. Осылайша, «Хадикат ал-‘арифиннің» түркі-мұсылмандық социумының дереккөзі ретіндегі тарихи-мәдени және деректік маңызы ашықталады.

Түйін сөздер: Түркі Әлемі, Ортағасыр, Социум, Сопылық Агиография, Апологетика, Рухани Мұра, Шағатай Тілі.

Орталық Азия өңірінің тарихи-мәдени өміріндегі сопылық мектептердің және ірі өкілдерінің рөлі, орны, олардың қоғамдық өмірдегі белсенділігі соңғы жылдары көп зерттеле бастады. Бұған XIII – XV ғғ. ішкі ұйымдық жүйесі, тәртібі, нақты ілімі қалыптасқан Ясауия, Кубрауия, Накшбандия сопылық мектеп өкілдерінің ғасырлар қойнауынан жеткен жазба мұраларын зерттеу негіз болып отырғаны анық. Әсіресе, отандық және шетелдік ғалымдардың сопылық жазба деректерге жүргізген зерттеулері XX ғ. соңына таман тақырыптық жағынан кеңейіп, жүйеленіп, методикалық сипат алғалы, сопылық ілім ұстанған дін қайраткерлерінің жергілікті жерлердегі әлеуметтік, қоғамдық өміріндегі орны жайлы батыл пікірлер айтыла бастады [1]. Оның үстіне әр елдің кітап қорларында сақталған мол мұралардың қолжетімді каталогтарда хатталуы, сандық нұсқада көшірмелерінің жасалуы, нәтижесінде жаңа деректердің табылып, оларға тыңғылықты мәтіндік зерттеулердің жүргізілуі зерттеушілерге мол мүмкіндік берді.

Индиана университетінің профессоры, исламтанушы, белгілі зерттеуші Девин ДиУиз: «Орталық Азияда XIII ғасырдан кейінгі Ислам дінінің ерекшелігін терең тану, анықтау үшін үш ірі сопылық дәстүрлері арасында Ясауи мектебінің мұрасы – өзге Накшбандия, Кубрауия секілді емес, өте шектеулі және санаулы ғана. Ясауи мектебінің географиялық таралу ауқымы де кең емес, алайда, оның мұралары Орталық Азиядағы барлық қоғамдық қабаттарында Исламның орнығуы аспектілерін кеңірек қарастыруға мүмкіндік беретін дүние екенін кейінгі зерттеулер көрсетті. Ясауи дәстүрін жан-жақты қамтыған бүгінгі зерттеулер Ясауи тарихы аспектілері төңірегіндегі жадымызда қалыптасқан бірқатар түсініктерді қайта қарастыруға мәжбүрлейді» (Among the three major Sufi traditions native to Central Asia - the others being the Naqhsbandiya and

Kubrawyya - the Yasavi tradition is at once the most limited in scope - since its legacy outside Central Asia is almost negligible - and the most deeply revealing about the distinctive features of Islam in Central Asia after the 13th century. It is revealing because the Yasavi tradition came to reflect, and to shape, the assimilative processes that made Islam meaningful to the broadest segments of Central Asia society; its limited geographical range, however, has helped to make the Yassviyya the least-studied aspect of Central Asian Sufi legacy. The present contribution, drawn from a broader re-examination of the Yasavi tradition, will explore just one of the many aspects of Yasavi history of which our understanding is in need of revision) - деп жазады [2, 182 б.]. Ал белгілі Қожа Ахмет Ясауи ілімін зерттеуші, философ-ғалым Досай Кенжетай: «Қожа Ахмет Ясауи дәуірінен кейінгі ғасырларда оның мұрасын насихаттау және зерттеулердің нәтижесінде ерекше мәдениет, яки дәстүр қалыптасқаны байқалады. Ясауи мұрасы туралы жазылған, жинақталған, зерттелінген мәдениеттің өзін шартты түрде «хикмет дәстүрі», «түркі ілімі» және «ясауитану» деп, үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Ал тәуелсіздіктен кейінгі ясауитану жаңа сатысын төртінші кезең ретінде бағалауға болады», – дейді [3, 9 б.].

Жалпы, сопылық әдебиеттің қалыптасуына қысқа шолып өтсек, ол Х ғ. толық қалыптасып, кейінгі ғасырларда мұсылмандық өңірлерде жергілікті жердің әдеби үлгісімен, танымдық жүйесімен, өзіндік ерекшеліктерімен түрлі жанрларда дами түседі. Орталық Азия сопы өкілдері XII ғасырдан бастап өзіндік түркі әдеби дәстүріндегі диуан, хикмет, қиссалардан басқа, араб-парсы жазба мәдениеті үлгісіндегі биографиялық жинақтар (табақат), агиографиялық шығармалар (манақиб, тазкират), дидактикалық трактаттар (рисала) практикалық нұсқаулықтар (малфузат), т.б. сопылық ғылымының ('илм ат-тасаууф) негізгі аспектілерін қамтыған бірнеше ауқымды шығармалар тудырды. Әр шығарма сол замандағы әлеуметтік-қоғамдық өмір талаптарынан туындағаны және оған нақты бір тарихи, мәдени құбылыстардың түрткі болғаны анық. Сондықтан, ғасырлар қойнауынан бүгінге аман жеткен әр бір шығарма ғылыми тұрғыдан қаралуға әбден лайықты.

Сондай кешенді зерттеуді қажет ететін, назардан тыс қалмай, ғылымдағы әділ бағасын алуы керек Қазақстан территориясында жазылған бірнеше мұралар бар. Соның бірі – діндарлығымен қатар, түркі әдебиетін қалыптастыруда елеулі орны бар Исхак Қожа ибн Исмағил

Ата ал-Қазығурти ат-Туркистанидің «Хадиқат ал-‘арифин» шығармасы. Бүгінде бұл шығарманың Кабул, Упсала және Ташкент қалаларының кітапхана, мұрағат қорларында сақталған он қолжазбасы белгілі [4]. Шамамен XIV ғасырдың соңғы ширегінде жазылған бұл шығарманың қолжазбалары бізге түп нұсқасында емес, нарративті сипатта жеткен.

Нарративті деректер өз кезегінде әр ғасырдағы интеллектуалды белсенділіктің ізі қалған, ілгеріде өткен бабалардың тереңнен тамыр тартқан тарихи танымы мен түйсігінен дерек берер маңызды дүние саналады. Десе де, нарративті деректерді зерттеудің біршама қиындықтары бар: бірінші, бірнеше нұсқада жетуі; екінші, мәтінінің әр кезеңнің әлеуметтік, саяси, мәдени жағдайларға бейімделуі; үшінші мәтіннің көшіруші тарапынан түзетілуі немесе сюжеттердің қосылуы немесе ұмыт қалуы; төртінші, тарихи оқиғалардың, басты кейіпкерлердің аңыз-мифтік, эпикалық сипат алуы және оқиғалардың бір жақты баяндалуы, т.т. Бұндай деректерден нақты бір тарихи-мәдени көріністі, үдерісті қарастыру үшін мәтіннің әр сөзіне, ондағы негізгі ойға, эмоцияға, тілдің табиғатына, персоналияға, автордың өмір сүрген кезеңіне, шыққан ортасына мұқият үңіліп, ой тарқатуға тура келеді.

Біз мақаламызда «Хадиқат ал-‘арифиннің» деректік маңызын Ташкент Мемлекеттік Шығыстану Институтына қарасты Әбу Райхан әл-Бируни атындағы Шығыс қолжазба орталығының қорында сақталған қолжазба нұсқалары негізінде аз-кем ой тарқатамыз.

«Хадиқат ал-‘арифиннің» авторы және персоналиясы

«Хадиқат ал-‘арифиннің» авторы Исхақ қожа ибн Исмағил Ата әл-Қазығурти ат-Туркистани екенін қолжазбалардың барлық нұсқалары растайды. Еңбектің кіріспе сөзінде Құдайға мадақ, пайғамбарына салауат жолданғаннан кейін: «... бұл рисала (Хадиқаул арифин) саликтер құтыбы, шариғатты ашықтаушы, тариқатты баяндаушы, хақиқаттан нұр көрсетуші, түзу жолға сілтеуші Исхақ Қожа ибн арифтер сұлтаны, әулиелер құтұбы, сұлтан – Исмағил ата еңбектерінің (рисаласының) бірі» деп көрсетіледі [5, f. 216].

Жалпы, мұсылмандық жазба әдебиеттерде пайғамбарлар, сахабалар және үлкен шейхтар мен ғұламалардың аты аталғанда салауат («салла Аллаһу әләйһи уа саллама»), сәлем («әләйһи ас-салам») және тақдис дуғасы («қаддаса Аллаһу сирраһу», «рахматуллаһи әләйһи»

т.с.с.) айту дәстүрі бар. Шығарма мәтінінде бұл жайлы (2-баб Амал және дұғалар баяны) кең әңгіме де қозғалады. Бірақ, еңбекте Исхақ қожа аты аталғанда сәлем дұға сөздері қосылмайды. Тек қолжазбаның (№2851) кіріспесінде ғана қызыл сиямен «бұл Исхақ Қожа ибн Исмағил ата рисаласының бірі» деп көрсеткен тұста «рахматуллаһи әләйһима» (екеуіне Алланың рақымы болсын!) деген бір дұға сәлем айтылады. Мәтіндердегі Исхақ қожаның аты аталып, оған дұға-сәлем айтылмайтын және үшінші жақта көрсетілетін жәйттер (бұл шығарма қолжазбаларының барлығына дерлік тән) бізге бірнеше ой туғызады. Біріншісі, «Хадиқат ал-‘арифин» көшірмелері Исхақ қожаның көзі тірісінде жазыла бастаған деген ой салады. «Хадиқат ал-‘арифиннің» алғашқы көшірмесін жазған – Али бин Бай Темір [5, f. 2626]. Екіншісі, сопылық әдебиетте автордың өзін үшінші жақта көрсетуі жиі кездесетін үрдіс, сол үрдіспен Исхақ қожа да өз атын үшінші жақта беруі әбден мүмкін. Сондай-ақ, Исмағил Атаның сөздерін жеткізуші кім екенін білдіру үшін де өз атын әдейі көрсеткен болуы бек ықтимал.

Жоғарыда көрсеткеніміздей «Хадиқат ал-‘арифин» шамамен һ.ж. VIII/XIV ғ. екінші жартысында жазылған еңбек. Оған дәлел ретінде шығарма мәтіні мен қолжазба нұсқаларының жазылу уақытын алып отырмыз. «Хадиқат ал-‘арифиннің» бір нұсқасында (№252): «Қашан тарих 800 жылға (һижра жыл санауымен һ.ж.) жетсе, бүлік (фитна) етек ала бастайды» деген келер шақтағы болашақты болжаған сөйлем кездеседі [6, f. 49a]. Сөйлем құрылысы бізді шығарма һ.ж. 800 жылға, яғни 1398 ж. дейін жазылған деген тұжырым жасауға итермелейді. Бұл деректі берген №252 қолжазба һ.ж. 1103 жылдың Раби’ ас-сани айында, яғни 1691 жылдың қазан айында жазылған және екі бірдей толық, қысқа нұсқасын қамтыған. Көшіруші – Исмағил қожа ибн Йағқуб қожа [6, f. 88a].

Шығарманың ең көне нұсқасы Кабулдегі Ауғанстан ұлттық мұрағатында сақталған. Кабул нұсқасы һ.ж. 761 жылы, яғни 1360 ж. Хорезм өңірінде жазылған [7]. Бұл мәлімет шығарманың жазылу кезеңі мен автордың өмір сүрген кезеңін анықтауға мүмкіндік береді.

«Хадиқат ал-‘арифин» авторы – Исхақ қожа Әлішер Науаидің «Наса’им ал-махабба мин шамаи’л ал-футууадағы» дерегіне сенсек, Исфиджаб қаласында өмір сүрген [8]. XVII-XVIII ғғ. аралығында шағатай тілінде жазылған «Сайрам жайлы трактат» жазба деректе Исхақ

қожаның Сайрам маңында жерлегені айтылады [9]. Бұл трактат каталогта «Мадинат ал-Байда’ және Исфиджаб әулиелері жайлы трактат» деп шартты түрде аталған [10]. Ә.Науаи Исхақ қожаның әкесі Исмағил ата Қожа Ахмет Ясауидің інісі – Ибрахим атаның ұлы. Исмағил ата бұ дүниеден өтерінде Исхақ қожаны өз қолымен 18 ұлының ішінен таңдап, орнына қойып кетіп еді деп көрсетеді (Зохиран Хожа Ахмад Яссавий қ.с. нинг Иброҳим ато отлиғ инисининг ўғлидур ва Хожанинг муриди ва назар қилғонидур ва анга муриду асхоб бўлубдур. Ва каромоту мақомот ва хавориқи одот бениҳоят ва ёши юзга яқин. Ва авлоди ўн етти, ё ўн саккиз бор эрди ва оламдин ўтарда авлоди орасидин Исҳоқ атони ўз қойим мақоми қилиб оламдин ўтубдур» [11, 328 б.]. Шығыстың ойшыл шайыры Ә. Науаидің берген мәліметтеріне сүйенсек, Исхақ қожа әкесінен тәлім-тәрбие алып, шәкірт тәрбиелеген, ханака ұстаған беделді шейх. Халық аузында жеткен мәліметтерде Исхақ қожаның мазары бүгінде ОҚО Қазығұрт ауданындағы Турбат елді мекенінде. Әмір Темір оның басына арнайы мазар тұрғызған [12]. Ол мазар «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жөндеуден өтіп, сәулет ескерткіші ретінде мемлекет қорғауына алынған.

А. Диваевтың халық аузынан жинаған аңызда Исхақ қожаның әкесі – Исмағил Ата да насабы айтып тұрғандай, ұзақ жылдар Қазығұрт тауында көшпенді халықтың қойын баққан. Ол тұтқынға түскен құл бола жүріп, көшпенді халық (аңызда қалмақтар) арасында ұзақ жылдар ислам дінін жайған, сопылықты насихаттаған. Әулиелік керемітін көрген көшпенділер Исмағил Атаға бас бостандығын беріп, кейін ол Шаш, Үзгенд, Сайрам (Исфиджаб) қалаларында діни дәріс жүргізген [13]. Халық жадында қалған Исмағил ата өмірі осындай, ал көне еңбектегі аунтенивті деректі өмірінен біз кездестірген мәліметтер де аңызда айтылған өмірінің кей тұсы растала түседі. Исмағил Атаның ұзақ жыл қой баққанның, көшпелі халық арасында 20 жыл дін насихаттағанын еңбек авторы да жазады [5, f. 223a].

«Хадиқат ал-‘арифин» мәтінінде, басқа да дереккөздерінде Исхақ қожаның туған, өмір сүрген жылдары жайлы нақты дерек кездестіре алмадық. Бірақ, әкесі - Исмағил Атаның «Хадиқат ал-‘арифин» мәтінінде һ.ж. 734 жылы, яғни 1333-34 жж. 120 жасында бұ дүниеден өткені белгілі. Аталған шығармадағы мәліметтерде Исмағил Ата һ.ж. 614 жылы Рамазан айының бірінші күнінде дүниеге келген. Ол жайлы

«Хадиқат ал-‘арифинде» «Хазіреті султан ал-‘арифин Исмағил ата дүниеге келгенде мұбарак Рамазан айының бірінші күні еді» деп баяндалады [5, f. 27a].

Исмағил атаның «Насаб-намадағы» дерек бойынша 19 ұлы болған, Исхақ қожа – сол ұлдарының ең үлкені [6, f. 89a]. Сондай-ақ, еңбекте кездесетін Исмағил Атамен замандас болған хандар, шейхтар мен факихтардың белгілі есімдері мен олардың өмір баянын қарастырсақ, Исхақ қожа һ.ж. VIII/XIV ғ. соңғы ширегінде бұ дүниден өткенге ұқсайды.

Жоғарыда көрсеткеніміздей Ташкент нұсқаларының ішіндегі ең көнесі саналатын №252 инвентарлық номермен №3 фондыда сақталған қолжазба «Хадиқат ал-‘арифиннің» мәтінімен қатар, төмендегі қосымшаларды қамтиды:

1. «Хадиқат ал-‘арифин» (ff. 16-85a);
2. «Насаб-нама» (ff. 85a-88a);
3. «Риала фи манақиб Исмағил ата» (ff. 88a-946).

Исхақ атаның ясауи сопылық ағымындағы силсиласын «Мулхак бис-сурах» (XVI ғ.) атты еңбекте былайша таратылады: «Исхақ қожа Исмағил ата шәкірті. Исмағил ата Сейіт атаның шәкірті. Сейіт ата Зеңгі баба, Зеңгі баба Хакім ата, Хакім ата Қожа Ахмет Ясауидің шәкірті» [14, 124 б.].

«Хадиқат ал-‘арифиннің» агиографиялық және дидактикалық жанры

Шығарма ортағасырлық әдеби тіл – шағатай тілінде жазылған, Құран аяттары, пайғамбар хадистері, әулиелер риуаят, хикметтері арап және парсы тілінде беріліп, артынша шағатай тілінде аудармасы беріліп отырады. Тілі ұстамды, жатық, сөйлемдері де қарапайым, әдеби орамдар өте аз. Сопылық ілім насихатталған мәтінінде әрбір хадис, хикмет, хикая түркілік дүниетаныммен астасып жатады.

Автор «Хадиқат ал-‘арифинде» Ясауи сопылық мектебінің ірі өкілі Исмағил Ата әл-Қазығұртидің сөздерін, қызметін, істері (кереметтері) мен насихаттаған ілімін арқау етеді. Прозалық үлгіде нақты бір адамның діни қызметін, ілімін баяндайтын ортағасырлық шығармаларды ғылымда агиография деп атау орныққан. Бұл тұрғыдан

келгенде «Хадиқат ал-‘арифинді» агиографиялық шығарма қатарына қосуға болады.

«Хадиқат ал-‘арифин» ұсынған негізгі тақырып – сопылық ілімі, оның ішінде ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынас. Он бес бабтан тұратын шығарманың басым бөлігі осы тақырыпқа құрылған: бірінші баб Шейтар рухы; төртінші баб мүрид (шәкірт) әдебі; алтыншы баб құлақ асу (сима’), яғни ілімді игеруі; жетінші баб мүрид қызметі; тоғызыншы баб сопылық (тасаууф) тәртібі, оныншы баб махаббат, он үшінші баб адамның (шәкірттің) өзіне маңызы жоқ ілімнен бас тартуы (ат-тарк ар-раджули ма ла иу’ниһи); он төртінші баб шейх мақамдары. Қалған бабтары шайх пен мүрид арасындағы ілімдер (пақырлықта болу, мағрифат, хақиқатқа жету, т.т.) мен ритуалдарға (дұға жасау, зікір айту, нәпсімен күресу) арналған. Автор осы ойларды беру үшін нақты аят, хадис пен әулиелер сөзіне жүгіне отырып баяндайды. Кей тұста мұсылмандар арасында кең тараған хикаялар келтіре отырып, содан түйген өз ойын немесе сол турасында аты белгілі шайхтардың ойын ұсынып отырады. Мазмұндық тұрғыдан келгенде «Хадиқат ал-‘арифинді» дидактикалық шығармаға жақын.

«Хадиқат ал-‘арифинде» Исмағил Атаның мал баққан, құлшылық қылған, шейх болып дін күзеткен жерлері – Талас Алатау сілемі, Қаратау, Қазығұрт таулары, Сайрам, Түркістан, әрі де Үргеніш қалалары XIII – XIV ғғ. Үгедей ұрпағы билік құрған Шағатай ұлысына қараған. Исхақ қожаның өмір сүрген кезеңі Шағатай ұлысында ислам діні қайта жанданып, мұсылмандардың белсінділігі артқан тұсқа келеді. Ортағасырлық жазба деректерден «Машайх-и турк» – Түркілер шейхы деп аталған Қожа Ахмет Ясауидің шәкірттері Сейіт ата (өл.ж. 1218), Өксік ата (XIII ғ.), Исамил аталардың (өл.ж. 1314) түркі жұрты арасында беделі жоғары болғаны анық. Орталық Азия территориясында сондай-ақ, исламның түкпір-түкпірінен келген факих ғалымдардың, қолына билік тиген қазилардың да саяси-қоғамдық өмірде белсенділігі жоғары болды. Солардың ықпалымен шағатайлық Кебек хан билігі (1307-1326 жж.) тұсында Ислам мемлекеттік дін ретінде орныққаны, мемлекеттің бір кездері орталығы болған Жетісу өңірі провинциялық өңірге айналып, мемлекеттің орталығы Хорезмге ауысқаны, шағатайлық хандардың көшпенділік өмір салтынан біртіндеп қол үзе басатағаны тарихтан мәлім. Хорезмдегі беделді дін өкілдерінің ара кідік көшпенді жұрттың

ортасынан шыққан сопы шейхтарының бірқатар ілімдері мен дәстүрін сынға алып отырған. Сондай бір оқиға «Хадиқат ал-‘арифин» қолжазбасының қосымшасы – «Рисала фи манақиб Исмағил Атада» тіркелген; Ходжа Мансур бастаған Ходжа ‘Аббас, ‘Абдаллах Нишапури, ‘Абд ал-Карим Хорезми және т.б. бірнеше лауазымды адамдар Исмағил атаны сынамақ болып Нишапурдан арнайы келеді. Олар Ясауи сопылық мектебінің бірқатар ритуалдары жайлы, әсіресе, «һу» («ара» зікірі деп те аталады) зікірі жайлы бірнеше сұрақ қояды. Сұрақтарына қанықты жауап алған әлгі адамдар Исмағил Атаға қол беріп, шәкірт болып қайтады [5. f. 2656]. Осындай жағдайларда апологет сопы шейхтары өз ілімдерін, дәстүрі мен ұстанымдарын қорғау мақсатында агиографиялық, дидактикалық шығармалар жазып, онда діни идеологиялық оппоненттеріне қарсы полемика тақырыптарын құру, өзіндік аргумент жазу жүйесін қалыптастырады.

Агиографиялық шығармадағы апологетикалық және полемикалық мәселелер

Исхақ кожа бұл шығарманы жазу кезінде өзі ұстанатын сопылық ілім сонау Мұхаммет Пайғамбар мен сахабаларынан бастау алатынын және сопылықтың негізгі ұғымы мен терминдері (фана’, бақа’, сама’, зухд, ихлас, зимн, т.т.), құлшылықтар (иршад, риязат, зикр, иджитхад, сир, и’тикаф, т.т.) Құран Кәрім, хадис, шарифат талаптарына негізделетінін көрсетуге тырысады. Автордың шығармада көтерген мәселелері өз заманындағы актуалды тақырыптар болса керек, әр қайсысына Құраннан, хадистен және ғұлама-шейхтардың сөзінен, фатуасы мен хикметтерін сілтеме келтіре отырып, әр сөзін исламның қайнар көздерімен негіздейді. Ол «ғылым иелері» туралы айтқан Құран аяттарына, «Ғалымдар пайғамбарлар мұрагері» деген пайғамбар хадисіне арқа сүйей отырып, ғалымдардың сөзі де сопылық ілім негізі бола алады, өйткені, «ғылым – Құдайдың қалаулы құлдарына берілетін нығметі» деген ой ұсынады. «Білгін, Құран – дәріхана. Онда сулы - құрғақтың бәрі баяндалған және ондағы дәрінің бәрі ем. Пайғамбар (Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дін жолында дәрігер еді және Құранда «Сен түзу жолға бастайсың» деп, оның баянын берген. Бүгінгі күнде пайғамбар жоқ, бірақ ізін басқан шейхтар бар. Ендігі дәрігерлер солар», - деп сипаттайды. [5. ff. 76a-786]. Артынша ғалымдардың екі түрін көрсетеді: бірі сыртқы ілім - фикх ғалымдары, екіншісі ішкі ілім –

тасаууф ғалымдары. Автор соңғы ілім ғалымдарының дәрежесі факих ғалымдармен тең деген оймен қатар, дәрежесі олардан едәуір жоғары деп сендіруге тырысады. Онысын Исхақ қожа, сопы шейхтары Құран аяттарын терең мазмұнда ұғынатынын, негізгі мақсаттарын тым әріге «Құдайдың дидары мен махаббатына» қоятындарымен, әулиелік керемет иесі екендігімен түсіндіреді. Сондай-ақ, олардың ішкі жан дүниеге көп үңілетіндерін, Хақты тану жолында үнемі ізденісте (хақа'иқ уа дақа'иқ) болатындарын, нәпсі құлқұнын тізгіндейтін ерік пен күш-жігер тәрбиесіне беріктіктерін атап көрсетеді. Қызырмен сырлас болған, Ілияспен сұхбаттасқан, рухани әлеммен байланыс орнатқан пенде ретінде ерекшелейді. Алланың ішкі жан дүниесімен дидарғашық әулиелерге рухани ғылым мен тақуалық қалай берілетінін Исмағил Ата өмірінен бірнеше мысалдар келтіреді. Соның бір мысалы:

مبارك ماه أول لار كيلميش وجودقه عليه الله رحمة آنا اسماعيل العارفين سلطان حضرت
سيني پرده ظلمت شاب تا المادي ايرسه قويدى اغزيغه ايمجاكيني اناسي كيم انداغ ايردي رمضان
ايمجاكيني نينك اناسي ايردي بولسه افطار وقت جون اورماغونجه محمديني نوای و تارتماغونجه
ايردي ايمار....

Хазіреті сұлтан ал-‘арифин Исмағил Ата дүниеге келгенде мұбарак Рамазан айының бірінші күні еді. Анасы емізсе, емшекті ауызына аламас еді. Күн батып, перде тартылғаннан кейін ғана анасын емер еді. Таң сәріде күн біліне бастаса, тағы да емшекті ауызына салмайтын. Осылайша отыз күн ораза тұтты. Оразаның соңғы күні аспан бұлтты болып, ай көрінбеді. Адамдар ораза күнінің біткенін біле алмай күдіктенді. Анасы (Исмағил атаны) емізіп көріп еді, ол еме бастады. Шейхтың анасы білді, бұл айт күні екенін. [5. f. 27a]

Осылайша автор агиографиялық шығармаларға тән мотивпен бас кейіпкер Исмаил атаның туа бітті әулиелігі мен тақуалығы бар, шарифат пен тариқатты тең игерген, заһидтік (тазаһһуд) пен иджитихадты (таджәһһуд) жанына серік еткен үлкен шайх келбетін ашықтайды. Исхақ қожа тек Исмағил Атаны ғана емес, Ясауи сопылық мектебінің ірі өкілдерін де Құран мен хадистерде сипатталған жүреккезі ашылған ғылым иелері ретінде таныстырады.

Бұл айтылғандардан екі жәйтті байқауға болады: біріншісі, Исхақ қожа секілді түркі сопыларының сыртқы діни ағымдарға қарсы өзіндік апологетикалық және полемикалық тәсілдері болғанын байқаймыз;

екіншісі, түркі жұрты мойындайтын шайхтықтың шарттарын (әулиелігі, хәкімдігі, заһидтігі, кереметі, ыждағаттылығы, т.т.) көреміз.

«Хадиқат ал-‘арифин» түркі агиографиялық шығармасында көрінетін тағы бір апологетикалық тәсіл – шайхтың мүридін белігілі бір мақамға жеткізе алатын ағартушылық қабілеті, мүридiнiң алдындағы жауапкершілігі. Исхақ қожаның баяндауынша, шайх тәлімгерге дін үйрететін болса, шейхқа тән жиырма сифатты меңгеріп, мүридiнiң рухани ішкі мерезін дәл басып, оның себептері мен емін көрсете алатын дәрігердей болуы шарт. Шығармада сол Қожа Ахмет Ясауи салған сопылық жолдағы (сулук) шайхтықтың тәртібі баяндалады. Исмағил ата: «шейхтар, дәруіштер мәртебе таппайынша, сопылар бір мақамға жетпейінше бұл тәртіпке көнуі керек. Егер олай болмаса, мұрадқа жетпес»,– дейді [5. f. 646]. «Мүридін мақамға жеткізбесе, шайхтықтан пайда жоқ» деген Исмағил Ата дінді емес, дін ұстанатын адамды түзеуші, қоғамды емес, жеке адамды қалыптастырушы қайраткер ретінде көрінеді.

Қорыта келгенде, жергілікті халықтың арасынан шыққан сопы шайхтарының агиографиялық еңбектерінде мынадай мәселелерді ақтап алуға тырысқанын көреміз:

- сопы шайхтарының рухани беделін, олардың діни сауаттылығын;

- олардың үйреткен діни ілімдері исламның қайнар көздеріне негізделгенін;

- жергілікті мұсылмандардың құлшылықтары шариғатқа сәйкестігін;

- сопы шайхтарының дін үйрету дәстүрі Пайғамбарлар мен ілгеріде өткен мұсылмандардың ағартушылық дәстүрімен сабақтасып жатқандығын.

Ортағасырлық жазба деректерде Қожа Ахмет Ясауидің көзі тірісінде оның шәкірттері қатарында 12 мың сұлтан мен 99 мың жай халықтың болғаны, он мың шәкіртінің мақамға жеткені айтылады [15. f. 136.]. Қожа Ахмет Ясауи хикметтеріндегі «Қоштамайды ғалымдар біздің айтқан түркіні» деген жолдарда айтылған діни топтар арасындағы полемика, дискуссия мәселелері Исхақ қожа өмір сүрген заманында да

сарқылмаған. Сан ғасырларға созылған діни тартыстар құлшылық мәселелері туралы ғана емес, дүниетаным мен құндылық төңірегінде де жүргені жазба деректерден көруге болады. Сол дүниетаным мен құндылық төңірегінде түркі-мұсылмандық социумының қалай қалыптасып, нығайғанын «Хадиқат ал-‘арифин» шығармасында көтерілген басқа да тақырыптар арқылы қарастыруға әбден болады.

Қорытынды

Агиографиялық шығармада тарихи шығармадағыдай емес, тарихи оқиғалар, қоғамдық, әлеуметтік құбылыстар жеке тұлғаның культіне негізделіп суреттелетіні бар. Бұл барлық шығыстық агиографиялық шығармаларға тән ерекшелік. Мысалы, «Зиа’ ал-қулуб» атты парсы тілінде жазылған Нақшбанди сопылық мектебінің ірі өкілі – Исхақ жожа агиографиясында қазақ ханы – Тәуке ханның ажалын Исхақ қожаның пірлігіннен бас тартқанымен байланыстырып, «ит өліммен өлді» деп өз ыңғайларына, мүдделеріне қарай суреттейді [16. 167-178 бб.]. Бұндай бояма мағлұматтарда да бірқатар астарлы тарихи шындық жатуы ықтимал; аталған агиографиядағы «ит өлім» деп суреттеуден Тәуке ханның ауыр кеселден, өз ажалымен ақ төсекте қайтыс болғаны аңғарылады. Сол секілді «Хадиқат ал-‘арифиндегі» Моғол ханы – Жүніс ханның бозбала шағында аң аулап жүріп, Исмағил атаның шәкірттеріне кездейсоқ жолығып, артынша ол оған мүрид болып, дін қабылдаған оқиғасынан Моғол хандығындағы Ясауи сопылық мектеп өкілдерінің беделін аңғаруға мүмкіндік береді. Агиографиялық шығармадағы баяндалған оқиғалар мен тұжырымдардан түркі-мұсылмандық социумның жекелеген тұлғалардың қасында қалай қалыптасатынын, түркі жұртының этникалық жіктелу үрдісінде рухани кемел тұлғалардың қандай орны болғанын аңғарамыз. Халық арасында беделді шайхтардың ел басқару қабілетті, Алланың берген әулиелігі, Хақтың көкірегіне құйған ләдуни ғылымы, ойы ұшқыр хакімдігі, орақ ауыз шешендігі қазақ әдебиетінде жиі кездеседі. Қожа Ахмет Ясауи жөнінде қазақтың жыр-толғауларында:

Пәруар пірдің басшысы –

Қожа Ахмет Ясауи.

Түркістанда бұ да өткен,

Туына жұртын түнеткен.[17]

немесе,

Бақса Қағба көрінген,

Басса жерлер түрілген.

Құл Қожа Ахмет Ясауи

Ладун ғылымы берілген [18] деп сипатталады. Белігілі парсы сопысы Фазл Алла ибн Рузбихан Хунджи (1446-1522) өзінің «Мехман наме-и Бухара» атты еңбегінде:

Қожа Ахмет Ясауи –

Ұстанған жолын пайғамбардың,

Оның сөзін сопыларға көрсеткен.

Сөзі түркілерде жалындаған,

Мөлдір судан бастау алған. – деп мадақтайды (ауд. И.Жеменей) [19]. Бұл мәселеде парсы жұртының жазба әдебиеті де, түркі жұртының ауыз әдебиеті де бір арнаға тоғысады. Ортағасырлық түркі тілінде жазылған агиографиялық шығармалардағы диалогтар, аңыз-әңгімелер, хикая, оқиғалар қазақ ауыз әдебиетіне арқау болғаны, немесе керісінше, ауыз әдебиетіндегі мотивтердің агиографиялық шығармаларда баяндалуы арнайы зерттеуді қажет ететін жеке бір тақырып.

Орталық Азияда этникалық топтар қалыптасу процессі жүрген XIV ғ. соңы – XV ғ. басында «Туына жұртын түнеткен» Ясауидің шәкірттері қандай ілім ұсынды, нендей қасиет, қызметтерімен халық арасында беделді болды, түркі-мұсылмандық социумын қандай құндылыққа, идеологияға жұмылдыра алды деген нақты сұрақтарға жауап табуымыз керек. Бұл тұрғыдан келгенде, түркілік сопылықтың идеясын таратуға бағытталған, шәкіртін Хақ жолының әдебімен, сопылық ілімнің негіздерімен таныстыруды көздеген, көркем мінез-құлықты негіз етіп, рухани кемелдікке ұмтылуды насихаттаған «Хадиқат ал-‘арифин» агиография-дидактикалық шығармасы – жекелеген рухани тұлғалардың қасында түркі-мұсылмандық социумның қалыптасу феномендерін бақылауға мүмкіндік беретін құнды дерек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Devin DeWeese. "Yasavian Legends on the Islamization of Turkistan // Studies in Altaic Civilization III (= Proceedings of the 30th Meeting of the Permanent International Altaistics Conference (PIAC), Bloomington, 1987), ed. Denis Sinor (Bloomington: Research Institute for Inner Asian Studies, 1990; Indiana University Uralic and Altaic Series, Vol. 145), pp. 1-19; Жандарбек З. Яссауи ілімі және қазақ қоғамы. – Алматы, 2004; Кушенова Г.И. «Хазини и история суфизма в Центральной Азии». Дисс. на соискание ученой степени к.и.н. по специальности 07.00.09 – историография, источниковедения и методы исторического исследования. Алматы: Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, 2010.

2. Devin DeWeese. The Mashā'ikh-i Turk and the Khojagān: Rethinking the links between the Yasavī and Naqshbandī Sufi Traditions // Journal of Islamic Studies (1996) 7 (2): 180-207 pp.

3. «Иассауи жолы» Ясауитану ғылыми-зерттеу орталығының рухани-танымдық ғылыми журналы. №1 қазан-қараша 2004. –Б. 9-15.

4. Ташкент Мемлекеттік Шығыстану Институты, Әбу Райхан әл-Бируни ат. Шығыс қолжазбалары орталығы, фонд №1, № 11838, 11941, 12387, 13074, 3853; фонд №3, № 3637, № 3004, 2851, 252.; Уппсала Университеті кітапханасы, Nov. 380/XVI (66. 177a 2186), Ауғанстан Ұлттық Мұрағаты, № 63/19, pt. 3, (ff. 183a 259a).

5. Қолжазба. Исхāk Ходжā бин Исмā'йл Атā ал-Қазифуртй ат-Туркистāнй, «Хадйкат ал-‘āрифйн». ТМШИ, Ә.Бируни ат. ШҚО, ф.№3, №2851.

6. Қолжазба. Исхāk Ходжā бин Исмā'йл Атā ал-Қазифуртй ат-Туркистāнй, «Хадйкат ал-‘āрифйн». ТМШИ, Ә.Бируни ат. ШҚО, ф.№3, №252.

7. Қолжазбаның сипаттамасы мұрағат каталогында берілген: Мухаммад ‘Азам Афзали. Фихрист-и нусах-и хатти-йи Аршиф-и Миллийи Афганистан. Кабул: Кумита-йи Даулати-йи Култур, 1363/1985.

8. Ali Şir Nevai. Nesayimü'l Mahabbe min Şemiyimi'l Fütüvve / Haz.: Prof. Dr. K. Eraslan. – Ankara, 1996. — S. 385.

9. Қолжазба. «Фадйлат-е мадинат ал-Байдā’ уа Исфиджāб», ТМШИ Ә.Р. Бируни ат. ШҚО, №12708/II.

10. Тракта́т о Сайраме / Пер. с чагатай, пердис. и примеч. Ж.М. Тулибаевой. – Астана: Изд. Нац. Цен. археографии и источниковедения, 2007. – 60 с.

11. Алишер Навои. «Насойим ул-муҳаббат мин шамойим ул-футувват» / Ред. Хамидхон Ислами. – Ташкент: Мавроннахр, 2011.

12. Диваев А.А. Предание о Хазрети Исмағил-ата // Туркестанские ведомости. Ташкент. № 20, 24-25 (1901)

13. Necdet Tosun. “XIV Yüzyilinda Yazilmış Catayca Bir Yesevi Eseri: Hoca Ishak b. Ismail Ata’nin Hadikatü’l-‘Aarif’i” / Uluslararası Hoca Ahmed Yesevi Sempozyumu. – Istanbul, 2010.- S 157-168.

14. Джамал Карши. «ал-Мулхакат бис-сурах» // История Казахстана в персидских источниках / Ред.: А.К. Муминова, пер.: Ш.Б. Вохидова, Б.Б. Аминова. – Т.1. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 416 с.

15. Қолжазба. Мухаммад ал-‘Алйм ас-Сиддйкй ал-‘Алауй. «Ламаҳāt мин нафаҳāt ал-кудс» ТМШИ Ө.Р. Бериуни ат. ШҚО № 495.

16. В.П. Юдин. Известия «Зийа ал-кулуб» Мухаммад Аваза о казахах XVI века // Центральная Азия в XIV-XVII веках глазами востоковеда. – Алматы: «Дайк Пресс», 2001. – С. 167-178.

17. Жанғабылұлы С. Аманат: Өлең-толғаулар, жыр-дастандар. / Құр.: Ж. Жылқышыұлы. – Алматы: «Ер-Дәулет», 1996. – 386 б.

18. Сатыбалдыұлы Ф. Шерлі жылдар, шерулі жырлар: Өлеңдер мен поэмалар. / Құр.: Т.С.Сатыбалдин, Р.Зияуйтденов. – Қостанай: Баспа үйі, 2004. – 470 б.

19. Жеменей И. Түркі даласының ұлы шейхтары // «Қожа Ахмет Ясауи мұралары мен ілімінің зерттелу мәселелері» Халықаралық ғылыми конференция материалдары жинағы. – Түркістан, 2008 ж. – 300 б.

BEKET ATA VE BATI KAZAKLARINDA GELENEKSEL SUFİZM YANSIMALARI

BEKET ATA ЖӘНЕ БАТЫС ҚАЗАҚТАРЫ ДӘСТҮРІНДЕГІ СУФИЗМ КӨРІНІСТЕРІ

BEKET ATA AND THE REFLECTION OF TRADITIONAL SUFISM IN WESTERN KAZAKH

Gulzhamal KORTABAEVA*

Öz: Bu makalede bir evliya olarak tanınmış ve Mangistau’da dini törenleri gerçekleştirmek için yer altı camisi görünümünde bir Sufi okulu açmış Kazak Sufisi ve düşünürü, genç Zhuz’un Adai klanının baturu ünlü Beket Ata hakkında ayrıntılı bir şekilde bilgi vereceğiz. Daha sonraları bu yapı bir bilimsel merkez ve açık hava gözlemevi halini almıştır. Tüm bu hizmetleri için söylenen bir atasözü vardır: “Medine’de Muhammed, Türkistan’da Hoca Ahmet, Mangistau’da dini akıl hocası Beket”.

Ayrıca makalede Batı Kazakistan’daki insanlarda görünen Sufi ayinlerinde tasavvuf izleri, tasavvuf terimleri tarihi, dini ve kültürel bakış açısı ile ele alınacaktır.

Anahtar Kelimeler: Sufi, Yeraltı Camileri, Medrese, Fenomen.

Abstract: In our article, we describe in detail about the Becket-ata of the famous Kazakh Sufi religious figure, the thinker of the enlightener and batyr of the Adai clan of the Younger Zhuz, recognized as a saint who opened a Sufi school in Mangistau, for carrying out certain ceremonies he built underground cells called underground mosques. Later this mosque became a scientific center, an observatory in the open air. For these services there is a saying: “In Medina - Mohammed, in Turkestan - Khoja Ahmet, in Mangystau - spiritual mentor Becket”.

And also in the article the traces of Sufism as Sufi rituals, Sufi terms are considered, historical and spiritual and cultural aspects of manifestation of Sufism on the West Kazakhstan people are revealed.

* Гүлжамал Қортабаева, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Шығыстану факультеті, ТҮРКСОЙ кафедрасының доценті, ф.ғ.к (turki_alemi@mail.ru).

Keywords: Sufi, Underground Mosques, Madrasah, Phenomenon.

Аннотация: В статье подробно описывается жизнь и деятельность знаменитого казахского религиозного деятеля-суфий- Бекет-ата. Мыслитель и просветитель из рода Адай Младшего жуза, признан святым, который открыл суфийскую школу в Мангистау. Для проведения определенных обрядов он сооружал подземные кельи, прозванные подземными мечетям. Впоследствии эта мечеть становится научным центром, обсерваторией под открытым небом. Роль Бекет Ата определяется в народе изречением: «В Медине – Мухаммед, в Туркестане – Ходжа Ахмет, в Мангистау – духовный наставник Бекет».

А также в статье рассмотрены следы суфизма, такие как: суфийские обряды, суфийские термины, раскрыты исторические и духовно-культурные аспекты проявления суфизма на Западно-Казахстанского народа.

Ключевые слова: Суфизм, Подземные Мечети, Медресе, Феномен.

Ислам дінінің түрлі халықтар арасына тарауымен байланысты халықтық діни дәстүрлері мен рухани даму ерекшеліктерінің ықпалы сопылықтың әр түрлі мектептерін қалыптастыруға әкелді. Сопылық – исламдағы мистикалық аскеттік бағыт. Сопылық көне замандардан келе жатқан рухани ағым болып табылады, оның дәл қай уақытта пайда болғандығын дәп басып айту мүмкін емес. Сопылыққа ұқсас ағымдарды басқа да индуизм, буддизм, христиандық пен иудаизм діндерінде де аскетизм, тақуалық пен альтруизм, мистицизм бар [1].

Сопылық / сұпылық / суфистік мәдениет далалық исламдық қағидаларға қалай бейімделді. Р. Никольсон суфизмді автохтонды құбылыс, ол ислам негізінде ғана қалыптасты деп көрсетеді. Ол мұсылман мистицизмі исламда хижраның 1 ғасыры ішінде пайда болған аскеттік ағымдардың дамуы негізінде пайда болды деп санайды [2]

Маңғыстауда сұпылық жолдың бірнеше тарихаттарын ұстанған сұпылар өмір сүрген: қазақ даласының сұпылық жолы – Ясауи тарихаты болған. Бірақ Батыс қазақтары арасында Бекет атаның сұпылық жолы

кең тараған. Пір Бекет – суфизмнің аса көрнекті өкілі болып саналады. Заманында Қожа Ахмет Ясауи мен Бекет пір атағына ие болған [3].

Маңғыстау өңірінде *ахун, ишан, пір, сұпы, хазірет* сияқты дін иелері атанған діни сауаты мықты, ел арасында әр түрлі жиын-тойларда, жаназа, астарда діни ғұрыптық қызмет атқарған адамдар болған. Сондықтан осы діни терминдерге анықтама бере кетсек.

Ахун – халықтың діни сауатын ашып, діни ғұрыптық қызметті атқаратын дін оқымыстысы, мұсылман ғұламасына берілетін атақ. Қазақ дәстүрлі қоғамында ахун халықтың діни сұранысына лайықты қызмет атқарған, уағыз-насихат айтып, халыққа дін ақиқатын түсіндірген. Олар ауыл балаларының діни сауатын ашып, сондай-ақ шарияттың шарттарын, құлшылық ғибадаттың жөн-жосығын үйреткен. Қоғам өміріндегі әр түрлі жиын-тойларда, астарда діни ғұрыптық қызмет атқарған. Ахун әдетте белгілі бір діни ғұлама ұстаздардан, атақты медреселерден ілім алған оқымыстылар болған, халыққа діни ағартушылық қызмет жасағандықтан өзінің білімдерін үнемі жетілдіріп отырған [4].

Хазірет лауазымы – жоғары дәрежелі дін иелеріне, аймақтық діни басқарма өкіліне де берілген. Мұхаммед пайғамбардан ﷺ кейінгі 4 халифаның бірі Әли қазаққа «Хазіреті Әли» деген атпен мәлім.

Ишан – халық арасында сауат ашатын діни сауатты адамға берілетін діни атақ. Ишан қазы, имам тәрізді лауазым болып саналмайды. Дәстүрлі қазақ қоғамында, ишанның міндеті – өзінің қарамағындағы ауыл тұрғындарының діни сауатын ашу, шамасы келгенше діни ғұрыптарды атқару болып табылады. қазір ауыл имамдары атқарады

«Машайық» – абыз, терең білімді, өте ақылды адам, періштелер аян беретін сұпы» деген мағынаны білдіреді. Пір болу үшін сұпыларға қойылатын ең үлкен басты талап – әуелі машайық дәрежесіне көтерілу. Атамыз өмір сүрген дәуірде Алланың ұлық жолында құлшылық жасаушыларға үлкен құрмет көрсетілген.

Пір – қажы, қазірет, ишан сияқты ірі дін басыларына байланысты қолданылатын ұғым, көбінесе сопылар арасында кездеседі. Көп жағдайда Пір әулие атанып, аскеттік өмір сүреді. Діни ұғымда пір қолдаушы, қорғаушы, сүйеніш болып есептеледі, аруақ туралы түсінікке

жақындайды. Түрлі табиғи заттарды, ескі мазарларды, кейбір тарихи ескерткіштерді пір тұтып, діни аңызға бөлеп, әулие күзетшісіне айналдырады [4].

Бекет Мырзағұлұлы (1750-1813жж) – Маңғыстауда ғұмыр сүрген Адай руынан шыққан, қол бастаған батыр, шәкірттерге дәріс берген ұстаз, сәулетші-шебер, алдағыны болжаған, көреген абыз, табиғат ерекше жаратқан жан. Жас кезінде қолына қару алып, көршілес қалмақ, түрікмен тайпаларымен шайқасып, халқының егеменділігін қорғаған Бекет батырлығымен, табиғи күш-қуатымен ерекшеленіп, ел аузында Ер-Бекет атанды.

Бала кезінен-ақ зеректігімен көзге түсіп, алдымен атасы Жаналыдан, соңынан ауыл молдасынан сауатын ашқан Бекет ата 14 жасында Хиуадағы Шерғазы хан медресесіне оқуға барады. Оның түсіне еніп, “ұстаз – пір” тауып, сопылық жолын ұстануға сілтеме жасаған Маңғыстаудың Қараойындағы белгілі әулие Шопан ата екен делінеді.

Бекет ата оқыған Хиуадағы Шерғазы хан медресесі 1726 жылы салынған. Белгілі өзбек ақыны Пахлаван Равнак, түрікпен поэзиясының классигі Мақтымқұлы Фараги, атақты қарақалпақ шайыры Әжнияз Қосыбайұлы осында білім алып, тәрбиеленген. Негізінен бұл медреседе сол дәуірдегі өте талантты, белгілі адамдар оқыған.

XX ғасырға дейін Хиуа медреселерінде оқу мерзімі 7 жыл болған және өз шәкірттеріне үш сатыдан тұратын бағдарлама негізінде дәріс берген.

Бекет атаның жерасты мешіттері

Бекет ата өзінің ғұмыр жолында сұпылық бағытты ұстап, соны уағыздаушы болды. Оның сұпылық мектебі сұпы шәкірттер дайындауға арналған.



Бекет ата өзінің ғылым-ілімін таратып, шәкірттерін оқыту үшін 4 мешіт салған. Бекет-Атаның мектебі сұпы шәкірттер дайындауға арналған. Оғыландыдағы жерасты мешітінің маңында 1780-1810 жылдар арасында жерленген адамдарға қойылған

құлпытастарда «Бекет сұпының шәкірті», «Бекет сұпының баласы», немесе «жиені» деген жазулар бар. Бұл – қарапайым халықтың тасқа жазып қалдырған айғақтары [5].

Шындығында, ол – Аллаға сыйынуға ең қолайлы делінетін жерлерде салынатын, өте қасиетті, береке бастауы саналатын, “завийа” деп аталатын сопылардың бас қосып, ілім алатын орны. Түріктер оны “текке”, парсылар “ханака”, арабтар “даира”, “рибат” деп те атайды, “үй”, “бас қосатын бұрыш” деген мағына береді. Оларды мешітпен шатыстыруға болмайды, мешіт көпшілікке арналған орын болғандықтан ішіне кісі жерлеуге рұқсат етілмейді, ал бұлардың ішінде сопылық жолдың негізін қалаушы әулие пірлер мен оның ізбасарлары жерленген.

Алғашқы мешітті Хиуадан оқу бітіріп келгеннен кейін өзінің туған жерінде салдырған. Бұл мешітті шебер Соқырша деген адам салған екен. Бұл мешітте 1771-1774 жылдары шәкірттерге білім берген.

Мешітке жақындағанда жота, олардың ара-арасында қалың өскен тал-шілік, жыңғыл-тораңғылдар, қамысты-құрақты шағын көлшікке кезігесіз. Оның жағасында жер астынан шығып, ылдиға қарай мөлдіреп ағып жатқан екі бұлақ көзі бар. Бұлақтардың суы тұнық та мөлдір: бірінің суы тұщы, екіншісінікі сәл қышқылдау. Халық аңызы бойынша Бекет ата Пірі лақтырған киелі көк Асаны тауып суырып алған жерден Алла Тағаланың әмірімен бұлақ көзі пайда болып, тұщы су атқылапты.

Ал, Асаны суыра алмаған баласына налыған қарияның реніш көз жасы тамған жерден де бұлақ көзі пайда болып, бірақ ол жерден ашқылтым-қышқылдау су шығыпты. Соңынан қос бұлақ сулары бір арнаға тоғысып қосылып аққан екен. Бұлақтар қазір де қосарлана ағуда. Бұл бұлақтарды жергілікті халық Атаның бұлағы деп әспеттеп, аса құрметпен қарайды.

Мешіт табиғаты көркем Оғыланды жеріндегі ақ-бор тасты тау шатқалының терең орта қабатынан ойып жасалған. Жер асты ғимараты маңында кезінде Бекет-ата пайдаланған бұлақтар, құдықтар бар. Қыр басынан ғимаратқа дейін қиялап түсетін жалғыз аяқ жол сақталған.



Мешіт төрт бөлмеден тұрады, төргі

бөлмеде қасиетті сырық ағашы бар. Бекет-ата жер асты мешіті – оның дарынды сәулеткерлігінің, биік талғамының куәсі, халық құрмет тұтатын, әулиелік

орын деп саналады. Пір Бекет өзі бұл ғылым негіздерін терең меңгерген. Оғыландыдағы мешіттің төменде айтылатын қасиеттері осылай салынғандығын айқындайды.



Мешіттегі оқылған құран, дұға, аяттар мешітке қанша кісі отырса да бәріне анық естілетіндей етіп, акустикалық жағы қарастырылған, жылдың қай мезгілінде де ауаның ылғалдылығы санитарлық-гигиеналық мөлшерден

аспайды, үңгіп салынған ғимаратта есігі мен түндігі ашық тұрса да, құма желдің жоқ, мешіт Мекке бағытымен жасалған, ал есігі шығысқа бағытталған.

Үшінші мешіт – Ескі Бейнеудегі мешіт. Бұл мешітті жыл маусымдарына икемдеп, балалар оқыту үшін, сонымен бірге әрлі-берлі өткен жолаушылардың намаз оқып, тынығып кетуі үшін салдырған деген ел аузындағы деректер бар. Бұл мешіт тастақ төбені қашау арқылы салынған.

Құлсарыдағы Ақмешіт

Қартадан қарап отырып, Ақмешіт, Оғыланды, Байшағыр мешіттерінің арасын түзу сызықтармен қосса, тік бұрышты үшбұрыш шығады, ал Бейнеу мешіті мен Байшағыр мешіттерінің арасын қосса, сол үшбұрыштың бисектрисасы сияқты. Сонда бұл мешіттерді Бекет ата



белгілі бір математикалық есептеулермен салдырды ма деген ойда қаламыз. Бекет ата мектептерінде шәкірттеріне діни білім берумен қатар,

география, медицина, математика, физика, астрономия сияқты ғылым салаларын да үйреткен. Мешіттің төбесіне қарағанда, Темірқазық жұлдызы төбенің дәл үстінде тұрады. Мұны Бекет атаның обсерваториясы болған сияқты деуге болады.

«Бекет-Атаның жер асты мешіті: 7 бөлмеден тұрады әрі өзіндік атқарылатын қызметтері болған.

Сұпылық жолдың Маңғыстауда сақталған келесі жәдігері –



«шілхана». Қазақта «шілдеhana» деген сөз бар. Сұпылыққа бағыт алып, тақуалық жолға түскен адам шілге отырған, яғни 40 күн бойы шағын бөлмеде жеке отырып, түнгі сағат 2-3-тен бастап толық күн шыққанша

Аллаға құлшылық еткен. Шілге отыру кезінде Аллаға зікір айтып, ораза ұстап, жаратқанға бойсұнса, ол адамның жан жүрегі рухтанып, ақылға

кенеледі. Ел аузында ең алғаш шілге отырғандар «Ғайып Ерен Қырық Шілтендер» деген аңыз бар.



тамақ дайындалып, негізгі шаруашылық орны болған. Одан әрі қабырғада бармақ сияр он екі тесік және он екі қыр бар



Шілхана 2-қабатта орналасқан, бұрын кірер есік алдынан жоғары шығатын баспалдақ болған ол құлаған әрі оның ішіне адамдар жерленіп, есігі таспен қаланған. Барлық бөлмелердің ішкі пішіні киіз үйге ұқсайды, бірақ көлемдері әр түрлі. Түндікті бөлме ішінде

Тесіктің ең біріншісі кірер есіктен қарағанда тура темірқазық бағытын көрсетіп, Қалған тесіктер қырлардың бойына әртүрлі биікте орналасып, тораңғылдан жасалған шағын шілдіктермен (таяқша) белгі қойылатын болған.

Бекет-Ата ғибадатханасы жерасты мешітінің мұсылман әлемінде алатын орны ерекше. Бұл ғибадатхана – рухани, тарихи және сәулет ескерткіші, бұл маңыздылығы жағынан Мұхаммед (ғ.а.с.) пайғамбар және Құл Қожа Ахмет Ясауи бабамыз жерленген жерлермен қатар



саналатын әулиелі орын. Бұл жерге жыл бойы өз жан дүниесін ашуға адамдар лек-легімен ағылып келіп жатады. Олар әңгімелесу кезінде Бекет атаның атын ауызға алғанның өзінде пәле-жаланы аластайды, ал мешітіне кіріп құран оқудың сауабы өте зор екендігін сеніммен айтады.

Кімде-кім ақ ниетімен «Бекет-Ата, жар бола гөр!» десе, іске оңға басады деген ырым қалыптасқан.

Ғалым Қ.Сыдиықұлы:

«Бір өзіңе бас иетін көбейді ел,

Жаным жүдеп, жабырқасам, жебей гөр.

Тайғақ кешу, тар жерлерде, уа, бабам,

Жар бола гөр, қолтығымнан демей гөр! » – деп жырға қосқан.

Қазір де осы қасиетті мекенге Қазақстанның түкпір-түкпірінен және алыс-жақын шетелден өзге ұлт өкілдері мыңдап келіп, рухына тағзым ету игі дәстүрге айналған.

Әбіш Кекілбаев осы мешіттер жайында «Ол салдырған 4 мешіттің орналасу тәртібі ұлы бабаның геосаяси көрегендігінен хабар бергендей. Ол өліспей беріспейтіндей 4 стратегиялық нүктеге жұрт жаппай бас иетін 4 тауапхана салдырған. Төртеуін де, ескі тарихнамалық деректерге карағанда, қазіргі қазақ этносын құрайтын баяғы сақ, сармат, массагет, ғұн, кешегі қаңлы, қыпшақ, оғыз замандарынан қалған ежелгі тайпалардың байырғы қоныстарының шешуші шептері болған тарихи жерлерге жайғастырған. Ол мешіттердің бәрін де ежелгі керуен жолдарының ең түйінді бунақтарына, біреуін өзен жағасына, біреуін жол айрығына, екеуін ел шебіне орналастырған. Мұнысы бұдан былай өзін иемденіп отырған ата қонысты ойдағыдай ұқсатып игере алсаң ғана, ие бола алатыныңды меңзегені сияқты, дейді [7].

Міне, 250 жылға таяу уақыттан бері осы әулие орынға келіп, әулиенің рухына бас иіп, бірі ауруға шипа, бірі жанына жайлылық, істеріне сәттілік іздеп толассыз келіп жатқан зиярат етушілерді апаратын соқпақ жол дамыл көрген емес.

**Адай, қазақ қорықса, «Бекет» дейді,*

Бекет те айтқандарын екі етпейді.

Адам ерекше жағдайда, қорыққанда не таңғалғанда, сыйынғанда аузына Алланы алады. Маңғыстау қазақтары көбінесе Алланың атын атай отырып, Бекет атаға да сыйынады. Оның да тарихи себептері бар.

Öz: Makale, Profesör Amandolov'un “Türk Filoloji Vakıfları”nın en yeni eserlerinden birinin analizini sunmaktadır. Bu çalışma, uzun yıllar boyunca Türk runik, epigrafi ve paleografi üzerine araştırmalarını sürdüren bilim adamının son çalışmasıdır.

Anahtar Kelimeler: Türk Epigrafisi, Petrografi, Kanun Yazarları, Filoloji.

Abstract: The article gives an analysis of one of the most recent works of Professor Amandolov's “Foundations of Turkic Philology.” This work is the final material, now the late scientist, who led in the course of many years his research on the Turkic runic, epigraphy and paleography.

Keywords: Turk Epigraphic, Petroglyfi, Runic Writers, Philology.

Аннотация: В данной статье дан анализ одному из самых последних трудов профессора Амандолова “Основы тюркской филологии”. Этот труд является итоговым материалом, ныне покойного ученого, который вел в долгие годы свои исследования по тюркской рунике, эпиграфике и палеографии.

Ключевые слова: Тюркская Эпиграфика, Петроглифы, Рунические Письмена, Филология.

* С.Б. Бектемирова, Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚазҰУ (saule.bektemirova_s77@gmail.com).

** Райма Әуесхан, Хаджетеппе университетінің докторанты, Анкара (rayma_aueshan@mail.ru).

Белгілі түркітанушы, ғалым Алтай Сәрсенұлы Аманжоловтың өр тұлғасы, теңдессіз ғалым бейнесі біздің санамыздан ешуақытта да өшпейді. Ғалымның хаты өлмейді демей ме, дана халқымыз. Артына мол мұра қалдырған Алтай Сәрсенұлының жарқын бейнесі әрдайым жадымызда қалады. Ғалымның ғылымға берілгені соншалықты орта ғасырда өмір сүріп, таза ғылыми шығармашылықпен айналысқан ата-бабаларамыз Әл-Фараби, Махмұд Қашқариларды еске салады. Сол ғұламалар ғылым тазалығына қалай көңіл бөлсе, Алтай Сәрсенұлы да ғылымға сондай құрметпен, таза жүрекпен қараған. Ғалымның соңғы жарық көрген кітаптарының бірі «Түркі филологиясының негіздерін» оқып отырсаңыз, ғалымның ғылымға деген тазалығына, өз ұлты деп соққан жүрегінің ақтығына қайран қаласыз. Еңбек күрделі, түркологиялық ғылыми зерттеу болсадағы, әдеби шығарма секілді бас алмай оқисыз. Оқыған сайын тереңіне бойлап, қайтара оқысаңыз қайтара көп байламдар түйесіз. Оның себебі еңбектің жүйелілігі, сондай ыждаһатпен жазылғандығы, автордың жүрегін жарып шыққан сөздерден тізілгендігі, және де ғалымның келешек ұрпаққа айтқан өсиеті екендігінде. Иә өсиеті секілді, өйткені еңбектің әр бір тарауынан кейін өз ойын қорытып, сол мәселе бойынша жастарға жол сілтеп отырған. Ғылымға қалай келу керек, ғылыммен қалай айналысу керек, ғылым жолы қандай болады деген секілді сұрақтардың жауабын осы еңбектен таба аласыз.

Енді еңбектің мазмұнына тоқталсақ, кітап он тараудан тұрады. Әр бір тарауға автор лайықты ат беріп отырған. Бірінші тарау – түркі филологиясының өзекті мәселелері, зерттеуші толғаныстары; екінші тарау – тіл және этнос, атаулар сыры; үшінші тарау – төркіні бір тіл өрісі; төртінші тарау – түрік тілі. Тілдік үлгілер; бесінші тарау – көне түркі руникасы; алтыншы тарау – көне түркі графикасының өзге түрлері; жетінші тарау – көне түркі ескерткіштерін зерттеу жолында; сегізінші тарау – «Құтадғу біліг» дастанынан үзінділер; тоғызыншы тарау – араб, латын, орыс графикасы негізіндегі қазақ жазуының үлгілері; оныншы соңғы тарау – петроглифтер әлеміне саяхат. Ары қарай қорытынды сөз, «Түркі филологиясына кіріспе» пәнінің типтік бағдарламасы берілген.

Кітапты ғалым өзінің ардақты әкесі қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалымдардың бірі Сәрсен Аманжоловтың жарқын бейнесіне

арнаған болатын. «Түркі филологиясы мен тіл ғылымының кемеңгері, ардақты әкемнің жарқын бейнесіне арнаймын».

Еңбек жалпы түркі филологиясына, түркітанудың өзекті мәселелеріне, түркі тілдері мен халықтарының қалыптасу тарихына, жекелеген түркі тілдерінің өзіндік ерекшеліктеріне, көне түркі жазуының тарихына, жазба ескерткіштерді талдауға арналған.

Түркітануға келем деуші, осы салаға қызығатын жас мамандарға, студенттерге, түркітануға қызығатын жалпы қауымға арналған тамаша еңбек. Еңбектің ғылымилығы да, көркемдік тілі де толыққанды. Автордың осы еңбегін қайтара оқудан еш жалыққан емеспін. Оқыған сайын таным көкжиегіңіз кеңейе түседі.

Түркі филологиясының өзекті мәселелері, зерттеуші толғаныстары деп аталатын бірінші тарау – жазба дәстүр және әдеби тіл; сөз Қазақстан эпиграфикасы жайында; өнегелі өмір, нұсқалы жол; Қытайдағы түркітану және жазу туралы ойлар; Бауырлас елдің бауырмал құшағы; Түрік еліне, Түрік жеріне ризамын; Өке туралы толғаныс деп аталатын шағын тараушалардан тұрады. Мұндағы әр бір тараушалардың не жөнінде екендігін аттары айтып тұр. Жазба дәстүр және әдеби тіл тармақшасында көне түркі ескерткіштері көне түркі әдеби тілдерінің болғандығы дәлелдейді деген пікірді басшылыққа алған. Көне түркі жазба тілдері тарихи даму барысымен, манихей, соғды араб жазуларындағы жазба дәстүр ескі түркі жазба әдеби тілдерінің дамуына жол ашып, сол бастаудан өзбек, ұйғыр, қарақалпақ, қазақ, түрікмен жазба тілдері тарағаны белгілі. Жазба тілдің бірден бір көрсеткіші жазба ескерткіштер екендігі анық. Олай болса көне түркі тіліндегі ескерткіштер, ескерткіштер тілі қазіргі түркі тілдерінің жазбалық сипатын тым тереңнен алатындығын Алтай Сәрсенұлы дәлелді етіп айтқан.

Сөз Қазақстан Эпиграфикасы жайында тараушасында Қазақстаннан табылған тас, металл, сүйек, сазбалшықтарға ойылып жазылған таңбалар, олардағы мәтін, аударамалары туралы жазған. «Өнегелі өмір, нұсқалы жол» деп аталатын шағын мақала түркітану ғылымындағы елеулі еңбек атқарған лингвист, этнограф, археолог, түрколог, ғалым, қоғам қайраткері В.В. Радловқа арналған. Алғашқы табылған көне түркі ескерткіштерінің қомақтылары болып саналатын Күлтегін, Білге қағанға арналған ескерткіштерді Н.Ядринцевтің тапқаны

белгілі. Көне түркі жазуының құпиясын дат ғалым В.Томсен ашқаны тағы белгілі. Алайда аталмыш ескерткіштердің алғашқы болып аудармасын жасап, жариялаған ғалым В.В. Радлов болатын. Көне түркі ескерткіштерінің мәтініне аударма жасау барысында алғашқыда қателіктер жіберсе де, (В.Томсен тарапынан түзетілген) кейін сол қателіктерді түзеп, түркітану ғылымына білікті мамандар даярлап, түркі халықтарының фольклорын жинап, тілдерін зерттеп көп еңбек сіңірген тұлға екендігін еш естен шығармаймыз.

Қытайдағы түркітану және жазу туралы ойлар. Мұнда ғалым Қытай елінің астанасы Пекинге барған сапарын жазған. Осы мақаласында лингвист ретінде қытай тілінің ерекшеліктерін көрсетеді. «Тәуелсіз Қазақстан мен Қытай елінің ғылыми, мәдени байланыстары кеңейе түсуімен түркітану саласында ортақ зерттеулер жүргізілсе, қомақты табыс пен игі нәтижеге қол жеткізуіміз сөзсіз», - дейді ғалым. Тарихи жазба деректердің ең ескілері, ең көнесі қытай жылнамалары екендігі белгілі. Көне түркі жазуының жұмбағы шешілмей тұрған кезде Күлтегінге арналған тас ұстынның төртінші бетіндегі қытай иероглифтерімен жазылған мәтіннен түріктердің ханына арналып орнатылған ескерткіш екендігі белгілі болған болатын. Жалпы көне түркілік болсын, орта ғасырлық болсын біздің тарихымыз Қытай деректерімен тығыз байланысты. Оған себеп жазу сызуы бізден әлдеқайда ерте дамыған қытайлықтар тарихты қағазға жазып қалдырып отырған. Әрине Қытай жылнамалары немесе Қытай деректері тарихтың өңін бұзбай сол қалпында хатқа түсіріп отырды дей алмаймын, алайда қытай мұрағаттарына, деректеріне, кітап, жылнамаларына мойын сұқсақ көптеген тың дерек, мәліметтерге, айғақтарға жолығарымыз анық. Сол себепті де Алтай Сәрсенұлы Қытай еліндегі түркітанумен ортақ зерттеулер жасап, бірігіп жұмыс жасау нәтижелі болатын еді деген жоғарыдағы пікірін білдірген болатын.

«Түрік еліне, түрік жеріне ризамын» деген мақаласында автор Түркия елінде болған сапарларынан түйген ойларын жазған. Тоқ етерін айтқанда Түркияда бастауыш сыныптарда бүлдіршіндерге көне түркі әліпбиін жаттатқызады, ол кәдімгі мектеп бағдарламасында бар екендігін жазған. Бұл шынымен үлгі аларлық іс. Балаларға жас басынан ата-бабалары қалдырған мұраны насихаттап өсірер болса, жас баланың Отанға деген сүйіспеншілігі тереңнен тамыр тартып, ол жас есейгенде

жүрегіндегі сол отансүйгіштік жапырағын жайып, жемісін берер еді. Біздің елімізде де орта сыныптардан бастап Күлтегін, Білге қаған (Орхон-Енисей) ескерткіштері туралы алғашқы мағлұматтар берілуде. Болашақта біздің елде көне түркі әліпбиі, жазуы жеткілікті дәрежеде насихатталады дегенге сенемін.

Екінші тіл және этнос, атаулар сыры деген тарауда көне түркі этногенезі проблемасы; атауда алуан сыр бар; XV ғасыр қазақ шипагерінің сөз байлығы; шежіре мәліметтері; «Албан атауы» жөнінде; «Қазақ атауы» жөнінде секілді тақырыптар қамтылған.

Түркітану ғылымының аса маңызды да күрделі саласы көне түркі этногенезі мен алғашқы түркі тілінің дамуына келіп тірелетін проблемалары болып табылады. Бұл мәселені шешпейінше қазіргі түркі халықтарының ата-баба, үрім-бұтақ зәузатының басынан кешкен өмір өткелдерін де, арғы тарихын да, көне түркі тілінің қалыптасып, дамуының жөн-жосығын да, сала-саламен тармақтана өрбуін де, өркені өсе келіп бүгінгі тілімізбен жалғасуын да, халықтардың бір тамырдан нәр алған тарихи-мәдени ортақтығын да, көне түркі этногенезін де, басқасын былай қойғанда, қазіргі түркітілдес халықтардың шығу тегін де ашып көрсету әрине, қиын (Түркі филологиясына кіріспе, 40 б.). Түркітанудың ең өзекті мәселелерінің бірі көне түркі этногенезі проблемасының маңыздылығын Алтай Сәрсенұлы осылай бағамдайды. Ғалымның осы ойына пікір қосудың өзі артық. Бәрі айқын. Осы орайда ғалым көне түрік тілінің шығуын ежелгі шумерлермен байланыстырып айтқан пікірін келтірмекпін. Түрік тілі жөніндегі ең алғашқы мәлімет Шумерден табылған б.д.д. IV-III мыңжылдықтарды меңзейтін идеографиялық жазба ескерткіштерінен байқалатындығын айтады. Шумер тілінің ескерткіштерінен көне түркі тіліне тән ортақ лексикалар кездескен. Осыған қатысты неміс ғалым Ф.Хоммель шумер тілімен алтай тілдерінің туыстастығы туралы пікір айтқан болатын. Бұл пікір дәлелденбесе де, көне түркі тілі мен шумер тіліндегі лексикалық ортақ элементтер шынымен ойлантады. Осы тұрғыда Алтай Сәрсенұлы Шумер атауын сарыарқадағы Кеңгір өзені, Кеңгер жерімен байланыстырады. Шумердің өз аты аккад (семит) тілінде бұрмаланып айтылғанын, шын аты Кеңгер немесе Кеңер болғандығын белгілі шумеролог А.Фалькенштейн дәлелдеп көрсетті (Түркі филологиясына кіріспе, 456.). Ғалымның пікірінше Кеңгір өзені мен Шумер атауының

сәйкес келуі тегін емес, тілдік жақындық мен тайпалардың араласып байланысуынан пайда болады.

Үшінші «Төркіні бір тіл өрісі» тарауында «тілдік туыстастық және түркі тілдері»; «Көне түркі тілі және оның диалектілері» секілді тақырыптар қамтылған. Бұл тарауда да ғалым осы мәселелер төңірегіндегі өзінің ғылыми пікірлерін дәлелді келтіреді. Көне түркі тілін, ескерткіштерін зерттеген В.В. Радлов бастаған, С.Е. Малов, А.Н. Кононов, А. Габен секілді көптеген түркітанушы ғалымдар көне түркі тілдеірінің диалектілері туралы жазды, зерттеді. Әсіресе В.В. Радлов ұсынған көне түркі тілдерінің солтүстік, оңтүстік және аралас диалектілері болған деген пікірін келтіреді. Сонымен қатар ғалым А.Н. Кононов ашина және ашиде диалектісі деп бөліп алып, Күлтегін ескерткішін ашина, Тоныкөк жазуын ашиде тайпасының диалектісімен жазылған дейтін пікірін де айтқан болатын. Түркітанушы ғалымдардың айтқан пікірлерін жоққа шығармай, олармен санаса отырып Алтай Сәрсенұлы түркі тілдерін алғашқы болып жіктеген, зерттеген Махмұд Қашқаридің еңбегіне осы көне түркі тілдерінің диалектілері мәселесі төңірегінде де жүгіну керектігін айтады. М. Қашқари арғу тайпасы оғлан сөзін оғла деп айтатындығын, дж-й джоғ – йоғ құбылысы оғыз бен қыпшақ тілдеріне тән екендігін жазып кеткен болатын. Ғалымның сөзімен қорытсақ көне түркі диалектілерінің ерекшеліктерін жан-жақты айқындау түркі тілдерінің тарихи дамуын терең тануға мүмкіндік береді.

Төртінші тарау – «Түрік тілі». Тілдік үлгілер де түрік тілі туралы ғалымның тілші маман ретіндегі пікірі, түрікше-қазақша мақал-мәтелдер, түрік тіліндегі мәтіндер, олардың қазақша аудармалары берілген. Атап айтар болсақ, «Қорқыт Ата» аңызы аудармасымен, Мехмет Емин, Решат Нури, Назым Хикмет, Әзиз Несин, сынды авторлардың таңдаулы шығармаларынан үзінділер аудармаларымен қоса берілген. Сонымен қатар түрікше-қазақша фразеологиялық сөздік, сөздіктің құрылысы мен жасалу тәсілдеріне де осы тараудан орын берілген.

Бесінші тарау – «Көне түркі руникасында» еңбектің ең негізгі бөлігі берілген. Көне түркі руникалық жазу ескерткіштері, жазудың алғашқы түрлеріне көз салғанда, Орхон жазба ескерткіштерінің текстологиясы жайында, Енисей жазба ескерткіштерінің жинағы туралы, Талас руникасының түрлері, Енисей руникасының түрлері,

Орхон руникасының түрлері, Күлтегін ескерткіші, Тұңйұқұқ ескерткіші, Онгин ескерткіші деп аталатын бөлімдерінен ғалымның көне түркі тіліндегі ескерткіштерге жасаған талдауымен қоса аудармасын, ғылыми көзқарасымен таныса аласыз. Көне түркі ескерткіштерінің ең маңызды, үлкендері болып саналатын Орхон, Талас, Енисей ескерткіштеріне қайыра тоқталып, олардың ең үлкен ескерткіштері дегендерінің көне түркіше мәтініне өзінің жасаған аудармасын ұсынған. Басқа зерттеушілер тарапынан болған біраз қателіктерге көзжұмбай, орынды көрсетіп кетіп отырған. Көне түркі жазуының жұмбағы толық шешілген кезде дүниежүзіндегі алғашқы алфавиттің пайда болу проблемасы шешіледі. Көне түркі жазуы әріптік жазу екендігі шындық. Алайда кез келген жазудың қалыптасу тарихына қарар болсақ бірден әріптік жазу болып пайда бола салмайды. Жазу өзінің даму кезеңдерінен өтіп барып қажеттілігі арта түспек. Сол секілді көне түркі жазуы әріптік жазу болып қалыптасудан бұрын пиктографиялық, идеографиялық жазулар кезеңін басынан өткерді. Оған дәлел Қазақстан, Моңғолия, Қырғызстан, Ресей территорияларынан табылған тасқа қашалған, мерзімі жағынан өте көне «таутеке», «күнқұдай», «түйе», «балық», «аңшы», «жылқылар» бейнеленген суреттерді айтсақ болады. Көне түркілік мәдениеттің алғашқы бастамалары осылар болатын. Жазудың алғашқы түрлері деген тараушада ғалым осы мәселе төңірегінде көп соны пікірлер білдірген болатын. Толығырақ еңбектен танысыңыздар.

Алтыншы – «Көне түркі графикасының өзге түрлері» деп аталатын тарауда ата-бабамыз көне грек алфавитін білген, Манихей және ұйғыр жазуындағы көн түркі ескерткіштері, Араб жазуындағы орта ғасыр түркі ескерткіштері мен ескі жазба тіліміз жөнінде деген бірқатар өзекті мәселелер сөз болған. 1962 жылы Жетісу жеріндегі Тайғақ шатқалынан тибет жазуымен қатар грек жазуы жазылған тас табылған болатын. Осындағы грек жазуын зерттеп, аударып алғаш жариялаған – ғалым Алтай Сәрсенұлы болатын. Осыған байланысты ғалымның пікірін толық келтірсем: Біздің ойымызша, көне грек жазуы Ескендір патшаның заманында, я одан бір-екі ғасыр бұрын таралып, Орта Азия мен Қазақстан жерінде әлдебір құпия «өнер» есебінде, буддалық монастырьлерде ұзақ уақыт өткеніне қарамастан, өзгерілмеген қалпында қолданылған. Көне түркі алфавиті мен ертедегі грек алфавиттерінің арасында генетикалық байланыс, туыстық байқалып отыр. Көне грек графикасына негізделген көне түркі жазуы 1964 жылы Кетпентау

жотасының Таңбалытас деген жерінен табылды. Бұл жазу таутеке бейнесіме бірге үлкен жартасқа қашалған. Табылған жазудың құрамында жеті әріп бар (негізінен, көне гректікі, біреуі – көне түркі руникалық Q Қ әріпі, ал В Б әріпі осы екі алфавитке де тән). Бұл жазу көне түркі тілінде оңнан солға қарай оқылады: ақ бапам «ақ бабам, қасиетті бабам, ардақты арғы атам» (Түркі филологиясына кіріспе, 228 б.).

Жетінші тарау – «Көне түркі ескерткіштерін зерттеу жолында» тарауында көне таңбалар сырына үңілгенде, Кеңгерес – Кеңгір (руникалық ескерткіштерді оқу методикасы турлалы), Батыс Қазақстаннан табылған қола айнадағы көне жазу, Шығыс Қазақстаннан табылған көне түркі руникалық ойма жазуларысыр шертеді, Ақыртас кешенінен табылған руникалық жазу, Киелі Меркідегі руникалық жазулар, Орхон мәтіндерінің қазақша аудармасына қатысты бірқатар ескертпелер деген тақырыптар сөз болады. Көне түркі бітігі (жазуы) тек тасқа қашалып жазылған жоқ, сонымен қатар қағазға, ағашқа, тұрмыстық бұйымдарға да ойылып жазылған болатын. Соның дәлелі айнаға және Есік қорғанынан табылған күміс тостағаншаға (түркітанушы Қ.Сартқожаұлының пікірінші күміс ожау) ойылып жазылған жазуларға Алтай Сәрсенұлы талдау, аударма жасаған болатын.

Сол мұралардың аудармалары мен текстологиясымен еңбектен толық таныса аласыздар.

Сегізінші тарау – «Құтадғу біліг» дастанынан үзінділер, дастанның Ұйғыр жазуындағы Герат және Араб жазуындағы Наманган нұсқасына орын берілген.

Тоғызыншы – «Араб, латын, орыс графикасы негізіндегі қазақ жазуының үлгілерінде» дейтін тарауында Араб-қазақ алфавитінің реформаланған жаңа түрі, орыс графикасына негізделген қазіргі қазақ алфавиті, араб-қазақ көркем жазуының түрлері, С. Аманжолов оның өнегелі өмір жолы мен ғылыми көзқарастары, ханзуша-қазақша сауаттық сөздік, ханзуша-қазақша диалог, А.С. Аманжолов, Сызықтардан сыр тартсақ, Өшпес өмір үні секілді мақалаларға орын берілген.

Оныншы, ең соңғы «Петроглифтер әлеміне саяхат» дейтін тарауда Қалба бейнелері, Көне бейне, жұмбақ мирас, Буырлыбұлақ қазынасы,

Жармадағы таңбалы тастар, Көненің көзі атамекенде, Шыңғыстау петроглифтері секілді тақырыптағы зерттеулері бірілген.

Ғалымның болашақ жас ғалымдарды ғылымның тазалығына, адалдыққа, Отанды сүйіп, ол үшін қызмет етуге, талмай еңбектенуге шақырған өсиеттерін ұсынамын. Ғалымның осы айтқандарына қосымша талдаудың өзі артық секілді. Өздеріңіз көңіл көзімен оқып, бағамдарсыздар.

Міне ғалым өмірінің соңғы жылдарында осылай қазіргі түркітанудағы өзекті мәселелерді тізіп, зерттеп, болашақ түркітанушы мамандарға жол көрсетуші боларлық тамаша ғылыми зерттеу еңбегін сонлай бір үмітпен, сеніммен қалдырып кетті. Әрине, Алтай Сәрсенұлының бұдан да басқа ғылыми еңбектері, зерттеу монографиялары, мақалалары баршылық. Алайда жоғарыда атап өткеніміздей ғалымның көз жұмарынан біраз ғана уақыт бұрын қолынан туындаған осы еңбегінің маңызы зор. Әйгілі түркітанушы Алтай Сәрсенұлының қазіргі Қазақстан түркологиясы отансүйгіш, еліне шын берілген жас маманға ауадай зәру екендігін кітаптың өн бойында ескертіп, үміт күтумен болған. Үмітіңді ақтармыз, құрметті Алтай Сәрсенұлы!

ӘДЕБИЕТТЕР:

А.С. Аманжолов Түркі филологиясы негіздері. – Алматы: Мектеп 2012.

OĞUZ VE KIPÇAK LEHÇELERİNDEKİ BAĞLAÇ VE EDATLAR ОҒЫЗ-ҚЫПШАҚ ТІЛІНДЕ ҚОЛДАНЫЛҒАН КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТЕР

CONJUNCTIONS AND PARTICLES IN KYPCHAK AND OGUZ DIALEKTS

Kasiet MOLGAZH DAROV*

Öz: Makale, “Korkut ata” metninde kullanılan yardımcı kelimeler ile ilgilidir. Dilbilimsel analiz temelinde, metinde yardımcı kelimeler olarak kullanılan bağlaçlar, edatlar ve diğer yardımcı kelimeler belirlenmiştir. Analiz sonuçlarına göre, Türkçede sözcüklerin, gramer formlarının ve yardımcı kelimelerin evrimi görülebilir.

Anahtar Kelimeler: Korkut Ata, Oğuz, Kıpçak, Gramer.

Аннотация: В статье рассматриваются вспомогательные глаголы, которые употреблены в тексте «Коркут ата». На основе грамматического анализа, выявлены союзы, частицы и другие вспомогательные слова, которые выполняли функцию вспомогательных слов в тексте. На основе анализа можно увидеть эволюцию тюркских слов, грамматических форм и вспомогательных слов.

Ключевые слова: Коркут Ата, Огуз, Кипчак, Грамматика

Аннотация: Мақалада «Қорқыт ата» мәтінінде қолданылатын қосалқы етістіктер қарастырылады. Грамматикалық талдау негізінде альянстар, бөлшектер және басқа көмекші сөздер анықталды, олар мәтінге көмекші сөздер ретінде қызмет етеді. Талдаудың негізінде түрік сөздерінің, грамматикалық формаларының және қосалқы сөздер эволюциясын көруге болады.

Түйін сөздер: Қорқыт Ата, Оғыз, Қыпшақ, Грамматика

* Молгаждаров Қ.К., Тараз Инновациялық-гуманитарлық университеті, Түркітану ғылыми-зерттеу Орталығының директоры (kasiet_k@list.ru).

«Қорқыт ата кітабы» – ХІҮ-ХҮІ ғасырларда проза түрінде хатқа түскен, көне оғыз-қыпшақ тайпаларының аңыз-әңгіме, мифтерінің жинағы. Бізге жеткен нұсқалары беріде жазылғанымен Қорқыт әңгімелері Сыр бойы оғыз-қыпшақтарының айтуымен ҮІІ-ІХ ғасырларда-ақ ауызша тараған [1, 38 б.]. Сонымен бірге Қорқыт аңыздары қазақ даласына ислам келіп, оғыз-қыпшақ ұлысының батыстық (ислам) және шығыстық (шаманизм) болып бөліну кезінде туса керек [2, 86 б.]. Ал жырдың жазылу тілі жағынан «қазіргі қазақ, түрікпен, азербайжан» тілдерімен ұқсайтындығы айтылады [3, 29 б.]. Жалпы түркі тілдес халықтар тарихына ортақ әдеби-фольклорлық мұра болып есептеледі. «Қорқыт ата кітабы» араб, неміс, италиян, орыс, түрік, азербайжан, қазақ тілдеріне аударылған. Қазақ тіліне тұңғыш рет орысшасынан аударған – Ә. Қоңыратбаев. Біз зерттеуімізді Ә.Қоңыратбаевтың және Ш.Ибраевтың Анкара басылымынан жасаған аудармасы бойынша қарастырамыз. Енді осы аңыз-әңгімеде қолданылған көмекші етістіктердің кейбіріне сипаттама жасалық.

Ал/ал: Ал сөзі зерттеуге түскен Х-ХV ғасырлар аралығындағы жазба мұралар тілінде көне түркі немесе қазіргі қазақ тіліндегі ал тұлғасында қолданылады. Қазіргі түркі тілдерінің ішінде чуваш (ил), якут (ыл), өзбек (ол) тілдерінде ал сөзінің алдыңғы дауысты дыбыстары и-ы-о сәйкестігімен келетіні белгілі. Яғни, орта ғасыр жазба ескерткіштер тіліндегі тұлғасы мен мағынасы жағынан көне түркі және қазақ тілімен үйлеседі. Алайда, әрбір жазба ескерткіштердің өзіндік қолданыстары болады. Қорқыт ата жырында ал етістік сөзі көне түркі тіліндегідей еш өзгеріссіз қолданылады. Жалпы орта ғасыр жазба мұраларында бір ғана нұсқада көрінеді. Ал етістігі әртүрлі қосымшалармен түрленген: алғыл, алмыш, алдыр, алайын, алы, алды. Мысалы: Қырық иігіден бойына алды – қырық жігітін жанына алды. Не йерде гөзел қопдый есе чекуп алды – Қай жерде сұлу қыз көрсе (шертіп жүріп) олжалап алды. Ағыр хазине бол лекшер алайын – ауыр қазына көп әскер алайын. Сол сияқты уйху алмыш – ұйқы алыпты (алған), еліне алды – қолына алды т.б. болып ескерткіш тілінде қолданылған. Мұнда чекүп алды – олжалап алды тіркесін алатын болсақ, көсемше формасы арқылы тіркесіп, аналитикалық формалы етістік болады. Яғни, -п ал аналитикалық формантында көрінеді. Ал бойына алды, қолына алды, еліне алды деген тіркестерде есім сөздер тәуелдік жалғауынан кейін жалғанған барыс септігінің қосымшасы арқылы тіркесіп, құранды етістік

жасаған. Көне түркі руникалық жазба ескерткіштерде -мыш/-міс қосымшасы (алмыш-алған, берміс-берген, ерміс-екен т.б.) қазіргі қазақ тіліндегі есімшенің өткен шақ жұрнағында тұрақты түрде көрінеді. Ал, Қорқыт ата кітабында «алыпты» тұлғасының мағынасында берілген. Мысалы: дікдүрміш – тіктіріпті, тұрмыш – тұрыпты, дөшенміш – төсетіпті, қырдырмыш – сойдырыпты т.б. болып келеді. Яғни, аталмыш ескерткіш тілінде -мыш/-міс қосымшасы қазіргі қазақ тіліндегі көсемшенің өткен шақ тұлғасы мен жіктік жалғауының үшінші жақ формасындағы -ыпты/-іпті мағынасында жұмсалған. Р. Сыздықова мен М. Қойгелдиев бірлесіп жазған еңбекте -мыш,-міш жұрнағы шағатай тілінің нұсқасы ретінде беріледі [4, 100 б.]. Бұл ерекшелік барлығына қатысты емес. Яғни, -мыш/-міш тұлғасы әр ғасырда, әр жазба мұрада әртүрлі грамматикалық мағынада көрінеді. Келесі бір бұйрық мәндегі «алғыл» тұлғасы – алғын, алдыр мағыналарына сәйкесіп, көмекші етістіктің қызметінде көрінеді. Шежіреде -ғыл/-гіл қосымшасымен келетін бергіл-бергін, турғыл-тұрғын, білгіл-білгін, гелгіл-келгін, гөргіл-көргін, дегіл-дегін, етгіл-еткін т.б. болып актив жұмсалынған. Бұл лексема орхон-енисей жазба ескерткіштерінен бері қолданылып келеді. Мысалы: Аны алғыл теді – оны ұста (ұстағын) деді (ТҚ.21). Йана алғыл – қайта алғын (МШУ-11). Өкінішке орай соңғы тіркестің сөйлем басы мен келесі сөйлем басы өшіріліп қалған [5, 78 б.]. Сондықтан оның нақты мағынасын беру мүмкіндігі жоқ. Алдыңғы сөйлемдегі алғыл сөзінің мағынасы аудармасы бойынша берілді. Осы формада бергіл сөзі де кездеседі. Мысалы: йече ісіг-күчіг бергіл тедім – тағы күш-жігер бер дедім (МШУ-11). Жалпы -ғыл/-гіл қосымшасы басқа да (Күлтегін ескерткіші) ескерткіштерде негізгі етістіктерге жалғанып келеді. Бірақ, өте сирек кездеседі. Ал кейінгі ғасырларда бұл тұлға жиі қолданылған. Осыған қарағанда аталмыш форма кейінгі дәуірдің ерекшелігі болмақ. Сонымен қатар жергілікті сөйлеу тілі мен жеке ақын-жыраулардың тілін ескеретін болсақ, онда бұл тұлғаның бүгінгі таңға қалай жеткендігін байқау қиын емес [6, 81 б.]. Осы бұйрық райдың қосымшасы жайлы М. Қашқари (1961), Қордабаев Т., Томанов М. (1975), В.Котвич (1962), А.М. Щербак (1961) т.б. біршама ғалымдар пікірлерін білдірген. Мысалы, М. Қашқари «-ғыл, -қыл, -гіл» қосымшаларының бұйрық мәнде жалғанып келуі, тек тыңдаушы біреу болғанда ғана мүмкін. Ал, егер тыңдаушы екі не одан көп болса, онда бұл қосымшаларды жалғауға болмайтындығын айтады [7, 50 б.]. Бұл пікір шындығында бір адамға ғана қаратылып

кесімді түрде айтылғанда жалғанатындығы анық. Әсіресе, еліміздің оңтүстік-шығыс және Жетісу говорындағы -ғын тұлғасы ХІҮ ғасырдан кейінгі жазбалардан бастап кездеседі. Алайда, кейбір мәліметтерге қарағанда -ғыл мен -ғын қосымшаларын екі түрлі тайпа тілдерінде қолданылған варианттар деп есептеуге болады. Қорқыт ата кітабы және Алтын Орда ескерткіштерінде тек қана -ғыл нұсқасы қолданылса, Мухаббатнамада -ғын варианты ұшырайды. Бұл қосымшаның арғы түбі «қыл» етістігі екендігіне еш күмәніміз жоқ. Оның көрінісін былай беруге болады: ал + қыл = алғыл = алғын; бар + қыл = барғыл = барғын. Сонымен бірге, әсіресе қазіргі оғыз, қарлұқ тобы тілдеріндегі ерекшеліктердің бірі -а/-е көсемшелі негізгі етістікпен бірігіп жазылуы да орта ғасыр тілінен басталады. Яғни, Қорқыт ата ескерткішінде (Диуани хикметте де) турамады болып кездеседі: Буға аяғ үстіне турамады – Бұқа аяғына тұра алмады. Бұл қазақ тілінің нормасымен алып қарағанда жеке екі сөз болып, тіркесті түрде (тұра алмады) келетіні мәлім. Жалпы Қорқыт ата кітабында көмекші етістік қызметін ал түбір етістіктен түрленген алайын, алды, алмыш, алғыл, алмады сөздері атқарып, «-а ал, -п ал» тәрізді етістіктің бір морфемалы аналитикалық форманттары қалыптасқан.

Орта ғасыр жазба ескерткіштер ішінде Қорқыт ата кітабынан басқаларында бар етістігінің көне түркі формасы еш өзгеріссіз қолданылады. Қорқыт ата кітабында В сәйкестігімен варсун, варды, варайын, вардун, варуп тәрізді болып келеді және қазіргі оғыз-бұлғар мен оғыз-селджук тілдер тобында қолданылатын (азербайжан, гагауыз, түрік т.б.) вар тұлғасы осы орта ғасырда қалыптасқан. Бірақ, олар негізгі етістік қызметінде жұмсалынған. Мысалы: Дедем Қоркут гелсүн, бу оғлана ад қосун білесінче алуп бабасына варсун. Дерсехана қоршу варды – Дерсе ханға қарсы барды.

Вер/бер: Көне түркі тілі мен қазіргі қазақ тілінде Б мен В-ның ауысып келуі жоқ. Жалпы көне түркі тілінде В-ның дыбысы да, таңбасы да болмаған. Бұл – Қорқыт ата кітабындағы ерекшеліктердің бірі. Осы дыбыстарға байланысты айтар болсақ, бар және бер сөздері ғана В-мен (вар/вер болып) жазылған. Басқа сөздерде мысалы: біл, баба, бір, бері, біт, бу, бөйле т.б. «Б» әрпімен келеді. Орта ғасырлық вер тұлғасы қазіргі оғыз тобына жататын азербайжан, түрік, гагауыз тілдерінде сақталынған. Сонымен вер түбір етістіктен әртүрлі грамматикалық

қосымшалар арқылы вермез-бермес, верді-берді, верділер-беріндер, вергіл-бер(бергін), вердум-бердім, версүн-берсін, веріп-беріп, вермеді-бермеді, верен-берген, верун-беріндер, верейім-берейін сөздері түрленген. Енді вер сөзінің көмекші етістік қызметінде болғанын дәлелдеп көрелік. Мысалы: Ортасында қойуп верділер – ортасына қойып берді (қойып кетті). Дерсе хан хатунына жаваб вермеді – Дерсе хан қатынына жауап бермеді. Мұнда вер сөзі -б вер формантында келіп, қимылдың іске аспауын білдіріп, көмекші етістік қызметінде көрінеді.

Ол/бол: Қорқыт ата кітабында бол етістігінің формасы ол түрінде келеді. Бұл тұлға көне түркі және қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктерінің бірі болмақ. Орта ғасырлық ол тұлғасы қазіргі оғыз тобына жататын азербайжан, түрік, гагауыз және қырым татарлары тілдерінде жалғасын табады. Сонымен аңыз-әңгімеде олмайаны – болмағанды, олды – болды, олур – болар, олурын – болып (боламын), олсун – болсын, олмыш – болған (болыпты) тәрізді түрленіп келеді. Осы берілгендердің ішінде олсун тұлғасы ғана көмекші етістік қызметін атқарған. Жырдан үзінді:

Ағайылдан түмен қойун вергіл бу оғлана, шишлік олсун ердемлүдүр

Отарыңнан түмен қой бер, бұл ұлыңа сойыс болсын жәрдем дер.

Алтун башлы бан ев вергіл бу оғлана, көлге олсун ердемлүдүр

Алтын төбелі еңселі үй бер, бұл ұлыңа, сая болсын жәрдем дер.

Чегні құшлу жұббе тон вергіл бу оғлана, гейер олсун һүнерлүдүр

Өңірі жібек шекпен бер, бұл ұлыңа, киіс болсын өнерлі дер.

Осы үзіндідегі сойыс болсын, сая болсын, киіс болсын тіркестері – құранды етістік. Жалпы олсун тұлғасы жиі қолданылады. Мысалы: ақмаз олсун – ақпас болсын (ақпасын), бітмез олсун – бітпес болсын (бітпесін), қачмаз олсун – қашпас болсын (қашпасын), құрбан болсын тәрізді болып келеді. Яғни, болымсыздық мағынадағы -маз/-мез қосымшасы жалғанған негізгі етістік сөздермен тіркескен. Ал, Хатуны хамиле олды - әйелі жүкті болды деген сөйлемде тұрақты тіркес құрайды.

Де: Көне түркі руника жазба ескерткіштер тілінде те тұлғасында болса, бұл жазба ескерткіште барлық жерде де тұлғасында болады. Осы

тұлғасында Оғызнама, Дивану хикмет, Ақиқат сыйы, Бақырғани кітабы, Кодекс Куманикус, Рабғузи қиссалары, Хұсрау–Шырын, Махаббатнамаларда көрінеді. Көне түркіден бастап де көмекші етістігі төл сөз бен автор сөзін байланыстырушы қасиетінен ажырамай, әртүрлі тұлғада қолданыла береді. Мысалы: Бу қара айып баңа йа бендендүр йа хатундандүр деді – Бұл қара айып не мына менен-ді, не қатыннан-ды деді. Тәңрі бізе бір батман ғауал ире деді – Тәңір бізге бір батпан ұл берер деді. Йашыны Аллаһ версүн деді – жасын алла берсін деді. Бабаң саңа қыйдый есе сен бабаңа қыймағыл деді – Әкең саған кейісе де сен әкеңе кейіме деді. Ануң кім оғлы қызы олмайа Тәңрі Тағала аны қарғайупдур, біз дахы қарғаруз деміш – кімнің ұлы, қызы болмаса, Тәңірі Тағала оны қарғапты, біз-дағы қарғаймыз деген. Жалпы мысалдардан көргеніміздей деді сөзі көмекші етістік қызметінде тұрақты болып келеді. Сонымен бірге өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Әсіресе, де түбір етістіктен түрленген, әртүрлі тұлғадағы сөздер қатар қолданылған. Мысалы: Оғлумның ат сегірдішін, қылыч чалысын, оқ атышын гөрейін, севінейім, қыванайым, гүвенейім деді деділер – Ұлымның ат секірткенін, қылыш шапқанын, оқ атқанын көрейін, сүйінейін, қуанайын деді. Қалай дегенмен де аударған кезде екеуінің орнына біреуі ғана жазылған. Сол сияқты демешдүр деділер тіркесті түрі де кездеседі. Бірақ, барлық жағдайда емес.

Е(р): Қорқыт ата кітабында е түбірінен түрленген еді, екен тұлғалары қолданылған. Олар (еді, екен) қазіргі қазақ тіліндегідей болып келеді. Мұнда, әсіресе, еді формасы қолданылу жағынан белсенділік танытады. Орхон-Енисей жазбаларынан бастап, Оғызнама, Диуани Хикмет, Жұмжұма сұлтаны, Рабғузи қиссалары, Ғибат-ул хақайиқ жазба ескерткіштер тілінде де ер түбірінен түрленген ерді, ермиш, ердім т.б. тұлғалары қалыптасқан. Негізінен көмекші етістікке тән тіркестегі алдыңғы сыңарлары етістік сөздерден болады. Аудармада: тұрмыш еді, дікдүрміш еді, ашанмыш еді т.б. тіркестерді тұрыпты, тіктіріпті, құрыпты деп беріледі. Біздіңше, тұрған еді, тіктірген еді, құрған еді деп берген дұрыс. Бұдан басқа демиш еді – деген еді, гелүр еді – келер еді, вар еді – бар еді, үгідүр еді – үгітер еді, едер еді – етер еді, ойнарлар еді – ойнар еді, дер еді, қовар екен – қуады екен, ақар екен – ағар екен, бітер екен – бігер екен, качар екен – қашады екен, бар екен т.б. тіркестері бар.

Ид:Ет/ет: Бұл түбірден де әртүрлі грамматикалық формалар жалғану арқылы біршама сөздер жасалынған. Мысалы: идүп – етіп, етме – етпе, етгіл – ет (еткін), етді – етті, идер – етер, етмішдүр – еткен-ді. Яғни, ет етістігінің тұлғасы көне түркі тілінде бір вариантта (ет) болса, екі түрлі вариантта көрінуі орта ғасыр жазба мұраларынан басталады. Содан бері қазіргі татар, тува, якут, тофа, чуваш тілдерінде ит тұлғасы, ет(эт,іт) нұсқасы қалғандарында қолданылады. Жалпы жоғарыда берілген тұлғалар есім, етістік сөздермен тіркесіп, көмекшілік қызмет атқарған. Мысалы: той идүп – той етіп (тойлап), қазаб етме – азап етпе (азаптама), йығнақ етгіл – жинап еткін (жинақта), женк етмішдүр – жеңіс (жеңген) еткен-ді т.б.

Йатур/жатыр: Қалып етістіктерінің ішінде тұр мен жатыр ғана көмекші етістік қызметінде болған. Тіпті, отыр етістігінің орнына қондур сөзі жүрген. Мысалы: Кимиң ки оғлы қызы йоқ қара отаға қондуруң. Оғлы оланы ағ отаға қызы оланы қызыл отаға қондуруң – Кімнің ұлы, қызы жоқ (соларды) қара отауға отырғыз. Ұлды болғанды ақ отауға, қызды болғанды қызыл отауға отырғыз. Ал, йатур сөзі бір сөйлемде ғана көмекшілік қызметте кездеседі. Мысалы: Бақса гөрсе оғланчуғы алча қана булашмыш йатур – Байқап көрсе баласы қызыл қанға боялып жатыр. Осы сөйлемдегі -мыш йатур форманты қазіргі тіліміздегі -п жатыр формантына сәйкеседі. Сондықтан йатур сөзі көсемшенің өткен шақ мағынасында болатын өткен шақ есімшелі негізгі етістікпен тіркесіп, қимылдың созылықтылығын білдіріп, көмекші етістіктің қызметін атқарған.

Гел/кел: Қорқыт ата кітабында кел етістігі ұянданған гел түрінде келеді. Бұл форма көне түркілік Орхон-Енисей ескерткішінде және ортағасырлық Оғызнама, Құтты білік, Дивану хикмет, Һибат-ул хақайиқ, Бақырғани кітабы, Кодекс Куманикус, Рабғузи қиссаларында кел түрінде келеді. Кел етістігі де бер, ет етістіктері сияқты көне түркі тілінде бір вариантта (кел) болса, әртүрлі дыбыстық вариантта қолданылуы орта ғасыр жазба мұраларынан басталады. Содан бері қазіргі түрік, түркімен, гагауыз, құмық тілдерінде гел тұлғасы жүрсе, қалғандарында кел, кил, кэл нұсқалары қолданылады. Сонымен Қорқыт ата кітабында қатаң -к дыбысы ұяң -г дыбысымен жазылуы өзіндік ерекшеліктерінің бірі болмақ. Мұнда гел түбірінен түрленген: гелді – келді, геллүр – келер, гелгіл – кел (келгін), геллүп – келіп, гелмез – келмес,

гелүрсін – келіпсің (келдің), гелмеді – келмеді, гелүн – келіндер, гелүгенде – келгенде т.б. тәрізді тұлғалар біршама бар. Бірақ, көмекшілік қызметте жұмсалуды көп емес. Жыр мәтінінде -а гел форманты кездеседі. Бұл формант негізгі етістікке жалғанған кезде қимылдың тездігімен қоса, кенеттен немесе күтпеген, тосын жағдайда болғандығын білдіреді. Мысалы: Бөйле дігеч ханум ол намердлерүң иігірмісі даха чықа гелді – Сөйткенше ханым, арамзалардың қалған жиырмасы тағы шыға келді.

Тур/тұр: Көне түркі руникалық жазба ескерткіштерге қарағанда, ортағасырлық жазба мұраларда қолданылуы жағынан белсенділік танытады және көмекшілік қызметі орта ғасырда анық байқалады. Сонымен бірге есім-етістік сөздермен тіркесіп келуі де арта түскен. Көбінесе өрү сөзімен тіркеседі: өрү туруң – өре тұрындар, өрү турғыл, өрү турды, өрү турғыл, өрү турады, өрү турдун. Сөйлеммен беретін болсақ: Дерсе хан сенүң оғлуң йерінден өрү турды – Дерсе хан сенің ұлың орнынан өре (атып) тұрды болып келеді. Бұдан басқа да тіркесті түрлері бар. Мысалы: йемез исе турсун – жемесе тұрсын, тайақ олурып турурын деді – таяқ болып тұрмын деді. Хақ йандуран чырағуң йана турсун – Хақ жандырған шырағың жана тұрсын (берсін). Ортағасырлық жазба ескерткіштерінде тұр сөзінің турур тұлғасы жиі ұшырайды. Мұндағы -ур элементі гаплогения заңдылығына ұшырап, өз мағынасын түбір мағынасына сіндіріп, бертінгі кезде өздігінен түсірілді. Бірақ, көне түркі руника жазба ескерткіштер тілінде -ур тұлғасымен тұр етістігі кездеспейді. Осыған қарағанда, аталмыш форма орта ғасыр тілінің өзіндік ерекшеліктерінің бірі болмақ. Ескерте кететін бір мәселе, шежіре тілінде қолданылған недендүр, етмішдүр, йокдүр, сенденмідүр т.б. сөздер соңындағы дүр/дур тұлғасы тұр етістігінің мағынасында емес. Біздіңше, оның мағынасы еді толымсыз көмекші етістіктің немесе -ді/-ды демеулік шылаудың мағыналарына сәйкеседі. Түркі тілдерінде осы тұлғаға қатысты біржақты пікір жоқ. Мысалы: А.Н. Баскаков (1979) мұны байланыстырушы десе, Н.А. Кононов (1980) модаль мағыналы демеулік шылаулар қатарына қосады, ал Г.Баллыев (1968) болса толымсыз көмекші етістіктің қатарына жатқызады. Осы негізде Түркімен грамматикасында: «В туркменском языке к недостаточным глаголам относятся аффиксы -ді, -да, -дыр, -дур, -мыш, -миш, -муш, -мүш слова экен» деп беріледі [8, с. 239]. Бұл мәселе өз алдына жеке әңгіме. Алайда, мұның тұр сөзімен байланысы жоқ дей алмаймыз. Сонымен Қорқыт ата кітабында тұр етістігі -ү тур, -а тур аналитикалық

форманттарда келіп, қимылдың шапшаңдылығы мен созылыңқылығын білдіріп, көмекші етістік қызметінде бола алған.

Жалпы Қорқыт ата кітабында бір және екі морфемалы Ø еді, Ø екен, -а ал, -п ал, -б вер, -маз/-мез ол, -ар екен, -үр еді, -сүн де, -ғыл де, -а гел, -ү тур, -мыш йатур, -а тур етістіктің аналитикалық форманттары бары және еді, екен, ал, вер, ол(бол), де, йатур, гел, тур тұлғалы етістіктер көмекші етістік қызметін атқарған. Сонымен бірге негізгі етістіктерге (чекүп алды; жаваб вермеді; ақмаз олсун, бітмез олсун, қачмаз олсун; турмыш еді, діктүрміш еді, демиш еді, гелүр еді, вар еді, қовар екен, ақар екен, бітер екен, бар екен т.б.; той идүп, йығнақ етгіл, женк етмішдүр т.б.; булашмыш йатур; чықа гелді; өрү турды, йана турсун) тіркесіп келіп, әртүрлі қимылдың өту сипатын білдіріп, қалыптасқандығы анықталып отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1.Ежелгі дәуір әдебиеті.Оқу құралы. Алматы: Ана тілі, 1991. -280 б.

2.Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы:Ана тілі,1991.-288 б.

3.Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. Оқу құралы. Астана:Елорда, 2001.-224 б.

4.Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. Алматы: «Кітап» полиграфиясы, 1991. -270 б.

5.С.Каржаубай. Объединенный каганат тюрков в 745-760 годах. Астана: «Фолиант», 2002. -220 с.

6.Ай заман-ай, заман-ай (бес ғасыр жырлайды). II томдық. Алматы, 1971. -384 б., -496 б.

7.Қошғарий М. Девану луғотит турк. II- том, 1961. -50 с.

8.Грамматика туркменского языка. Фонетика и морфология. Ашхабад: Ылым. 1970, -503 с.

**ORHUN METİNLERİNDEKİ BAZI KELİMELEİN KAZAK
TÜRKÇESİNE ÇEVİRİLMESİ**
**ОРХОН ЖАЗУЛАРЫНДАҒЫ КЕЙБІР СӨЗДЕРДІҢ ҚАЗАҚША
АУДАРМАСЫ ЖАЙЫНДА**
**ON SOME TRANSLATIONS OF WORDS FROM ORCHONIC
TEXTS TO THE KAZAKH LANGUAGE**

Bakytzhan ZIYADA*

Öz: Bu makalede Kazak dilinin tarihi kayıtları incelenmiş ve etimolojik sözlükleri kullanılarak, modern Kazak dilinde net olmayan eski Türk Orhun yazıtlarının dilinde kullanılan bazı köklü kelimelerin antik ve orta Türk çağlarının fonetik, anlambilimsel özellikleri analiz edilmektedir. Ayrıca eski Türkçe kelimelerin özellikleri araştırılmaktadır.

Anahtar Kelimeler: Kazakça, Etimoloji, Orhun Yazıtları, Dilbilim.

Abstract: This article analyzes the phonetic, lexico-semantic peculiarities of the ancient and middle Turkic epochs of some root words that are used in the language of ancient Turkic Orkhon inscriptions, which are not clear in the modern Kazakh language, using the historical record and etymological dictionaries, and the ancient Turkic word features of the word composition.

Keywords: Kazakh Language, Etymology, Orkhon Inscription, Linguistics.

Аңдатпа: Бұл мақалада қазіргі қазақ тілінде этимологиясы анықталмаған, тарихи тілдік тұрғыдан маңғынасы бұлыңғыр көне түрік-орхон тіліндегі жазбаларда қолданылатын сөздер мен құрылымдардың көне және ортағасырлық дәуірдегі фонетикалық, лексико-семантикалық ерекшеліктері талданылады. Этимологиялық сөздіктер арқылы сөздің композициясының ежелгі түрік мағыналары анықталады.

Түйінді сөздер: Қазақ Тілі, Этимология, Орхон Әдебиеті, Лингвистика.

* Бақытжан Зиядаұлы, филология ғылымдарының кандидаты, Аблай хан атындағы ҚазМХҚӨТ, университетінің доценті (batenke_89@mail.ru).

Көне түркі тілінде бір сөздің әлде неше мағынаны білдіріп, көп мағыналы сөз ретінде қолданылуы жиі кездеседі. «Көр» етістігі «көзбен көру» деген тура мағынасында (мысалы, көрұр көзұм көрмез тег... болты) (КТҮ 50). Көрер көзім көрместей... болды) қолданылудан сырт, бағыну, бір нәрсеге ұшырау, сынау, (байқау), санау (деп қарау) мағыналарын да білдірген. Мысалы: Табғач қағанға көрміш (КТҮ 8). Табығаш қағанға қараған (бағынған). Қоп маңа көрті (КТ 30). Бәрі маған бағынды. Түрк бодұны табғачқа көрұр ерті (Тон 1). Түрік халқы Табығашқа қараушы еді. Осындағы «көр» сөзі ауыспалы мағынада қазіргі қазақ тіліндегі «қарау» мәнінде қолданылған. «Қарау» сөзі тілімізде де көз жіберу, назар аудару т.б. мағыналарынан басқа тәуелді болу дегенді де білдіреді. Мысалы: ... менің патшалығыма қараған ер кісілер ... (Қаз.ертегі). «Қарау» сөзінің бұл мағынасы өз еркі өзінде болмай, біреудің қабағына бағып, телмендеу, соның шылауында болу дегеннен шыққандығы белгілі. Көне түркі тіліндегі «көр» сөзі де осы мағынаны білдіреді. Көне түркі ескерткіштер мәтіндерін қазақшаға аударушылар «бағыну» мағынасында қолданылған «көр» сөзінің нақ баламасы «қарау» екендігін ескермейді де, мағыналық аудармамен «бағыну», «бағынышты» сөздерін қолданады. А.С.Аманжолвтың аудармасында ғана [1: 59] дәл мағынасында «қарау» сөзі қолданылған. Сондай-ақ, он оқ бодұн емгек көрті (КТҮ 19). Он оқ халқы азап көрді. Йелү көр (Тон 26). Желіп көр. Кек көрді ер (МҚ 11 283) деген мысалдағы «көр» сөзі азап шегу, байқап көру, деп қарау мағыналарын білдіреді. Ескерткіштер тілінде «көр» етістігінен жасалған зат есім көрұт (барлаушы) сөзі бар. Сөздердің осылайша көп мағынада жұмсалуды көне түркі дәуірінде түркі тілінің жоғарғы деңгейде дамығандығын көрсетсе керек.

Күлтегін жазуында Тоқұз еріг егіре тоқыды (КТҮ. 46). Он еріг тоңа тігін йоғынта егіріп өлұртіміз (КТҮ. 47) деген жолдар бар. Осы сөйлемдер қазақша «Тоғыз ерін қуып тақымға басты». «Он ерді тоңа тегінді жерлеген жерде қуып жетіп өлтірдік» деп аударылған. [2:23] Осындағы егіре сөзі екі сөйлемде де «қуып жетіп» мағынасымен берілген. Көне түркі тіліндегі сөз ортасындағы «ғ» дыбысының қазақ тілінде «и» дыбысына айналу фактілері бар. Мысалы: Ег «ию», ол бұтақ егді (МҚ. I 168) «Ол бұтақ иді». Егіл--- иіл, егін--- иін. Егінке кедімме, боғұзқа иемі керек (ҚБН 104, 29) «Иінге киім, ішерге тамақ керек». Іге – ие, қожайын. Ев ігесі (ТТ VII 28,17), «үй иесі». Иігі – жиі (МҚ III 25).

Жоғарыдағы көсемше тұлғалы егіре сөзінің түбірі егір – ейір, яғни иір болып шығады. Иір етістігі қазақ тілінде көп мағыналы сөз. Соның бірі малды шашау шығармай тобын жазбай бір жерге жинау, топтау [3: 492] дегенді білдіреді. Ендеше егіре тоқыды «қамалап (қоршап) соқты», егіріп олүртіміз «қоршап өлтірдік (қырдық)» деген мағынада қолданылған. Егіре сөзінің қоршау мағынасын С.Е.Малов та жоққа шығармайды[4:42]. Иіру мағынасы негізінде қалыптасқан көне түркі тілінде егірім (МҚ I 107), қазақ тілінде иірім сөздері бар. Тоқыды етістігінің түбір тұлғасы тоқы «тоқпақтау», «үру», «соғу» мағынасын білдіреді. Қазақ тіліндегі тоқпақ, тоқылдату сөздері осы түбірден тараған. Егіре сөзі С. Қаржаубай аудармасына «Тоқыз ерін иіре (қоршап алып) жауладық» [5:177]. түрінде дұрыс аударылған.

Орхон және орта түркі мәтіндерінде мағынасы мен тұлғасы жағынан қазіргі қазақ тілінен табыла бермейтін бірқатар сөздер бар. Соның бірі ыдұқ сөзі. Мысалы: Үзе түрік тәңірі, түрік ыдұқ йері, сұбы анча тіміс (КТҮ. 10) «Үстіде түрік тәңірі, түріктің қасиетті жер суы былай депті». Ыдұқ Өтукен йыш бодун... (КТҮ. 23.) «Қасиетті Өтукен қойнауының халқы...» Теңрі Ұмай, ыдұқ йер, суб (Тон 38) «Тәңрі. Ұмай, қасиетті жер-су». Аңаңдын йарұйұр ыдұқ құт күні (КВН 37 11). «Одан жарқырайды қасиетті құт күні». Орысша «священный», түрікше «mukaddes», қазақша «қасиетті» сөздерімен аударылып жүрген Ыдұқ сөзі- тұлғасы жағынан бір қарағанда қазақ тіліне жат сөз. Дегенмен ертедегі «д» дыбысының қазақ тілінде «й» ға айналу ерекшелігін ескерсек, бұл сөз ыйұқ болуға тиіс. Қазақ тілінде сөздің басқы буыны езулік дауыстыдан болғанда соңғы буыны еріндік дауыстыдан аяқталмайды. Керісінше алдыңғы буыны еріндік дауыстыдан болғанда сөздің соңғы буынына қарай езулік дауыстыға ыңғайланады. Осы ерекшелікке сай ыдұқ (ыйұқ) сөзі ендігі жерде соңғы еріндік дауысты ұ-ның ықпалымен ұйұқ болып айтылады да, ұйық болып жазылады. Ұйық сөзі тілімізде «саз», «майбатпақ», «балшық» мағынасында және жерұйық сөзінің құрамында сақталған. Демек, жер ұйығы дегеніміз «құтты», «қасиетті жер», нақтырақ айтқанда, «құнарлы», «шөбі шүйгін жер» болып табылады. Сонымен қатар, көне түркі сөздігінде ыдұқ сөзінің жоғарыдағы мағынасынан сырт «непроходимый», «неприступный» мағынасында Ыдұқ тағ (МҚ. I. 65) биік (өре жетпейтін) тау қолданылғандығы көрсетілген. Күлтегін жазуында: Тамағ ыдұғ башда сүнүшдіміз (КТҮ. 41) деген сөйлем бар. Осындағы ыдұқ сөзі «өте

алмас», «өре жетпес», «биік» мағынасында қолданылған сияқты. С.Е.Малов аудармасында «қасиетті Тамағ асуында» [4: 41] деп берілген. Қалай болған күнде де ыдұқ сөзінің келтіріліп отырған мағыналары түп төркіні жағынан бір-бірінен алшақ кетпейді. Өре жетпейтін немесе адам аяғы баса алмайтын, өте алмайтын жердің өзі де қасиетті болмай ма?!

Тіліміздегі көмескі (өлі) түбірлерді анықтап, сөз құрамын талдағанда руникалық жазу ескерткіштерінің тіліне соқпай кету мүмкін емес. Және бұлайша зерттеудің көне ескерткіштер тіліндегі әрбір сөздердің нақтылы мағынасы мен қолданылу ерекшеліктерін айқындай түсу үшін де қажет. Сүңіг сабын, йымшақ ағын арып, ырақ бодұнығ анча йағүтүр ерміш. «Тәтті сөзімен, асыл бұйымымен азғырып (алдап) алыстағы халықты өзіне сондай жақындатар еді» (КТК 5). Бұл сөйлемдегі «арып» сөзі етістіктің көсемше тұлғасы. Түбірі «ар». Осы ар сөзі орысша обманывать (алдау), лгать (өтірік айту), соблазнить (еліктіру); қазақша алдау, азғыру сөздерімен аударылып жүр. Сөйлемге мазмұны жағынан талдау жасасақ, ар сөзінің мағынасы алдау, азғыру, еліктіру екеніне күмән келтіруге болмайды. Бірақ ар мен алдау, азғыру сөздері тұлғалық жақтан ешқандай да сәйкес келмейді. «Алда» етістігінің түбірі «ал» көне түркі тілінде айла, қулық дегенді білдірген. Мысалы, Алын арлан тұтар, күшін сычған тұтмас «Айламен арыстанды алуға болады, күшпен тышқан да ұстай алмайсың» (МҚ 622 13). «Ал» түбірінен алчы (алдамшы), алда сөздері жасалған. Мысалы, Йана алчы болса қызыл тілкү тег. «Және алдамшы болса қызыл түлкідей» (ҚБН 17410). Ол йағыны алдады. «Ол жауын алдады» (МҚ 13917). Алда етістігінің түбірі көне түркілік «ал» екендігі жөнінде қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде де [6: 24-25] көрсетілген. Сонымен қатар ар түбірі азғыру дегенді де білдірмейді. «Азғыр» етістігінің түбірі «аз» көне түркі тілінде адасу, қателесу мәнінде қолданылған. Мысалы: «Тәңірі (дей) білге қағаннан айырылмайық азбайық (қателеспейік)» (О аз). «Аз» етістігі қазір де тілімізде азу, азғындау түрінде қолданылады. Ал «ар» түбірі осы қалпында тілімізде жоқ. Тек арба (арбау) етістігінің құрамында өлі түбір күйінде сақталған. Арбау етістігі көне және орта түркі жазбаларында кездеспейді. «Ар» түрінде ғана қолданылған. «Ар» түбірінің қазіргі арбау сөзінің бастапқы тұлғасы екендігі жөнінде қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде «арбау сөзінің түбірі ар, ол көне түркі тілінде, қашқари сөздігінде алдау, арбау, сиқырлау, қаратып алу, айналдырып алу мағынасында қолданылған» [6: 37] делінеді. Сөйтіп

жоғарыда күлтегін жазуынан келтірілген сөйлемді өз мағынасынан ауытқымай, дәлме-дәл «тәтті сөзімен, асыл бұйымымен арбап, алыстағы халықты өзіне сондай жақындатар еді» деп аударуға болады.

Тонйұққұк ескерткішінде «Көгмен йолы бір ерміс, тұмұс-тійін, есідіп бү йолын йорысар йарамачы, тідім...» (Тон 23) деген сөйлем бар. Орысша С.Е. Маловтың аудармасында [4: 67-бет] бұл сөйлем «Көгмен жолы біреу (ғана), оны қар басқан дегенді естіп, бұл жолмен жүрсек жарамас дедім...» деп берілген. Қ. Сартқожа аудармасына «Көгмен жолы біреу ғана, тұманды дегенді естіп, бұл жолмен жүрсем жарамас дедім. Көне түркілік нұсқасына қарасақ, ондағы «тұмұс» сөзінен басқасы қазақ тілінде түсінікті. Сөйлемдегі сөздердің орнын өзгертпестен «Көгмен жолы біреу (ғана), тұмұс (?) дегенді естіп, бұл жолмен жүрсе жарамас дедім» деп тікелей аударуға болады. Ендеше осы сөйлемдегі «тұмұс» қандай мағынаны білдіреді? Орысша қармен жабылған (бүркелген) делінген. Орта түркі жазбалары М.Қашқари сөздігі мен «құтты білікте» «тұмұс» формасының түбірі «тұ» екендігіне дәйек боларлық мынандай деректер бар. Ол ағзын тұды. «Он закрыл рот» (ол аузын жапты) (МҚ ІІІ 227). Қаз, өрдек, құғұ қыл қалықығ тұды «Қаз, үйрек, аққулар аспанды жапты» (ҚБН 186). Бұл екі мысалдағы 3-жақ , өткен шақ «тұды» тұлғасының түбірі «тұ», мағынасы жағынан жоғарыдағы «тұмұс» құрамындағы тұ түбірінің мағынасымен бірдей екендігі «көне түркі сөздігінде» де [7: 584] көрсетілген. «Тұ» түбіріне жалғанған мүс формасы көне түркі тіліндегі мыш, міш өткен шақ есімше тұлғасы. «Тұ» етістігінің өздік етіс түрі тұн, ырықсыз етіс түрі тұл болып қолданылған. Мысалы: Арт тұнды. «Асу жабылды (қар басты)» (МҚ ІІ 27). Көк тұнды «Аспан жабылды (бұлт басты)» (МҚ ІІ 27). Тұлар кіргү йол. «Өңеш бітеледі (жабылады)» (ҚБК 2117). Жабу, бүркеу, бітеу мағынасында көне және орта түркі дәуірлерінде қолданылған байырғы бір буынды «тұ» түбірі бүгінде тілімізде осы тұлғасында қолданылмайды. Дегенмен, «тұ» түбірін тұлғалық жағынан да, мағыналық жағынан да өзгеріссіз сақтай отырып қалыптасқан қазақ тілінде бір қыдыру сөздер бар сияқты. Айталық, бас-аяғын тегіс бүркеу, жабу, бітеу мағынасын білдіретін «тұмшалау» етістігінің түпкі түбірі де, лексикалық мағынасы да көне түркілік осы «тұ» түбірімен бірдей. «Тұ» етістігі көне және орта түркі заманында «тұмшалау» мәнінде қолданылған. Жоғарыда келтірілген Ол ағзын тұды. Көк тұнды деген сөйлемдер Ол аузын тұмшалады, көк (аспан) тұмшаланды дегенді білдіреді. «Тұмшалау» тұлғасы көне түркі

тілдік деректерінен кездеспейді. Морфологиялық құрамы жағынан қарағанда да түркі тілдері айқын жіктелген кейінгі кезеңнің туындысы болуы мүмкін. Тұ (тұмшалау) етістігімен қатар көне түркі тілінде тұман сөзі де жиі қолданылады. Үзе тұман тұрды, асра тоз тұрды «Үстiде тұман тұрды, астыда (төменде) тозаң тұрды» (БІБ 20). Қарарын тұман тозды, дүние тұды». «Қарайын тұман көтерілді, дүние тұмшаланды» (ҚБК 29817). Тұ мен тұман сөздерінің арасында да лексикалық мағына төркіндестігі бар. Яғни, тұ тұмшалау, тұман – тұмшалайтын зат. Бұны тұ мен тұман сөзінің қатар қолданылуынан да байқауға болады. Бірақ, тұман сөзі «тұ» түбірінен тұ+ман немесе тұм+ан әлде тұма+н түрінде қалыптасқандығы жөнінде әлі де тарихи тілдік деректерді іздеуге тура келеді. Сонымен қатар тіліміздегі бас киім атауы «тұмақ» (ауызекі тілде) сөзінің басты жабу, бүркеу, тұмшалау ерекшелігі бастпақы «тұ» түбірінің тұмшалау мағынасына жетелейді. Бұзаудың тұмсығын тұмшалап байлайтын киіз- тұмылдырық, қыран құстың басына тұмшалап кигізетін қап – томаға (бастапта тұмаға, кейінтін соңғы ашық а дыбысының ықпалымен алдыңғы қысаң «ұ» дыбысы «о» ға айналған) сөздері де байырғы «тұ» (тұмшалау) түбірінің мағынасы негізінде алғашқы «тұ» тұлғасын сақтап қалыптасқан деуге болады. «Тұмшалау» сөзінің түбірі де осы «тұ». Аталған сөздерді морфологиялық құрамы жағынан салыстырсақ, олардың барлығына «тұ» түбірінен кейін екінші ортақ тұлға тұм немесе тұма болады. Көне түркі сөздігінде тұм (қалқан) түбірі көрсетілген. Бұл алғашқы бір буынды «тұ» түбірінің мағынасына сәйкес келе ме жоқ па жалғасты анықтауды қажет етеді. Сөйтіп жоғарыдағы мысалдарды қайталасақ, «Көгмен жолы біреу (ғана), оны қар басқан (қармен тұмшаланған) дегенді естіп бұл жолмен жүрсек жарамас дедім...», Ол ағзын тұды. «ол аузын тұмшалады» «Аспан тұмшаланды» «Қаз, үйрек, аққулар аспанды жапты (тұмшалады)» Арт тұнды. «Асу жабылды (қар басты) тұмшаланды» (МҚ II 27). Көк тұнды «Аспанды бұлт басты (жапты) тұмшалады» (МҚ II 27). Тұлар кіргү йол. «Өңеш бітеледі (жабылады) тұмшалаанады» (ҚБК 2117) деген мағынада қолданылғандығы айқындалады.

Тонйұқұқ ескерткішінде мынадай сөйлем бар: Бұ Түрк бодұнка йарықлығ йағығ келтүрмедім, төгүнліг атығ йүгүртмедім /Тон 54/. Осы сөйлем С.Е.Малов аудармасында «Бұл түрік халқына қарулы жауды келтірмедім, жарақты аттыны жүгіртпедім» [4: 64] деп берілсе, қазақша нұсқасында «бүкіл түрік халқына қарулы жау келтірмедім, атты әскер

жолатпадым» [2: 37], «Бұл түркі халқына қарулы жауды келтірмедім. Қаптаған (жұмылған жұдырықтай) аттыларды қаптатпадым (келтіртпедім) [5: 225]. Аталған аудармалардың екеуінде де түпнұсқа сөйлемнің мағынасы дұрыс бейнеленгендігі дау тудырмайды. Бірақ екі аудармада да оқушыға түсініксіз бір сөздің төгінлігі сөзінің нақты мағынасы жөнінде ашып айтылмайды. Рун жазбасында «төгінлігі» сөзінің құрамындағы «ө» дыбысы N таңбасымен берілген. Осындағы «N» таңбасы «ө» немесе «ү» дыбыстарын білдіреді. «Y» түрінде дыбыстасак бұл сөз «түгүнлік» болып оқылады. Ендеше төгінлік немесе түгінлік бұл жерде қандай мағынаны білдіреді соған келейік. Сыртқы түр-тұлғасына қарағанда бұл сөз қазіргі қазақ тіліне жат, қолданылмайтын сөз сияқтанғанымен, қазақ тілінің тарихи даму үрдісіндегі дыбыс құрамының өзгеруінде сөз ортасымен сөз соңындағы көне түркілік «г» дыбысының «й» ға айналу ерекшелігі бар. Соған сай түгінлік сөзі қазақ тілінде түйінді, түйінделген болуға тиіс. Түгінлік сөзінің түбірі түг /түй/. Бұл сөз көне және орта түркі дәуірінде «түйін түю» дегендегі түй мағынасын білдірген, қазірде солай. Мысалы, Ер түгін түгді . «Ер түйін түйді». /МҚ. II 20/. Көне түркі дәуірінде осы түг /түй/ түбір етістігінен түгүн /түйін/, түгме /түйме/ /МҚ. I 433/ сөздері жасалған. Бұлар қазір де тілімізде бар, кең қолданылатын сөздер. Енді түг /түй/ түбірінен жасалған түгүн /түйін/ сөзін осы мағынасында жоғарыдағы сөйлемдегі орнына қойсақ, «Бұл түрік халқына жаракты жауды келтірмедім, түйінді аттыны жүгіртпедім /жүргізбедім/» болып аударылады. Бұл жердегі түйінді атты нені меңзейді? Ертеде аттың жалқұйрығын түю – соғысқа шыққандықтың, жаулықтың белгісі ретінде қаралғандығы байқалады. Оны Қобыланды батыр жырындағы мына жолдардан да көреміз:

Шыдай алмай Ашағыр

Үстіне сауыт киеді.

Беліне байлап болатын

Қарына найза іледі

Алтын тұрман ер салып,

Атына енді мінеді.

Қарақасқа тұлпардың

Құйрығын шарт түйеді.

Сол уақытта алдынан,

Қара қасқа ат мінген

Құйрық жалын шарт түйген

Алдына дабыл төңкерген

Артына сауыт бөктерген...

Қазақ десе оқ атқан

Қабағына қар қатқан... [8: 134] деген жолдардағы «құйрығын шарт түйю, құйрық жалын шарт түйю» сөздері жаулықтың, соғысқа шығудың белгісі ретінде айтылған. Демек жоғарыдағы тонйұққұқ жазуынан келтірілген мысалдағы «түйінді ат» аттарының жал-құйрығын түйіп жауласуға, жаулауға келетін атты әскерді меңзейді. «Жауды, бөтен ниеттіні жолатпадым» дегенді салт-дәстүрлік ұғыммен бірлестіріп, астарлы, образды тілмен жеткізу көне түркі руникалық жазуының жай-жұтаң тілмен емес, сұрапталып, шыңдалған көркем әдеби тілмен жазылғандығын дәлелдейді. Мұндай образды теңеулер орхон жазулары тілінде көп. Мысалы «тәңірдей тәңірден жаралған түрік білге қаған» дегеннен өткізіп айтар теңеу болмаса керек. Сонымен қатар жоғарыдағы түйю сөзінің алдында тұрып, онымен қатарласа қолданылатын «шарт» сөзіне де талдау жасауға тура келеді. Бұл жерде неге әрқашан «шарт түйді» делінеді, жай ғана жал құйрығын түйді, жалын түйді болып қолданылмайды деген сұрақ туады. «Шарт» сөзі қазіргі біздің ұғымымызда қатты, мықты болып түсініледі. Мысалы, белін шарт буды десе, қатты буды деп ұғамыз. Бірақ көне түркі деректеріне негізделсек «шарт» сөзі түйю етістігінің алдына бастапта басқа тұлғада және басқа мағынада қолданылған сияқты. Мысалы: Ұзын сачын чар түгүп/Uig III 30.26./. Осындағы чар көне түркі тілінде бұрым, өрім мағынасын білдірген. Аталған сөйлем «ұзын шашын өріп /бұрымдап/ түйіп» деген мағынада қолданылған. Чар сөзінің түйю етістігінің алдында тұрғанына қарағанда үстеу ретінде «өріп» деген мағынаны білдіреді. Соған қарағанда кейінгі шарт түйю тіркесі айтылу барысында түйю сөзінің т дыбысынан басталуына байланысты алдыңғы чар сөзінің соңына «т» қосылып «чарт /шарт/» болып қалыптасқан деуге болады. Сонда «шарт қою» тіркесінің мағынасы «өріп түйю» болмақ.

Аттың жал-құйрығын жай түймей, өріп түйетіндігі де бұны анықтай түседі.

Күлтегін кіші жазуында: *Сабымын түкеті есідгіл: ұлайұ ini-йігүнім, оғланым, бірікі оғұшым бодұным...* деп басталатын сөйлемдегі ұлайұ сөзі орысша аудармасында «артымнан ерген» [4: 33-бет], қазақша «бүкіл» [2: 6], ұласқан [5: 178] деп алынған. Орысша аудармасында ұлайұ сөзінің мағынасы дұрыс аударылған, осы тұлғасында ұлайұ сөзі қазіргі қазақ тілінде жоқ. Бірақ оны құрылымдық жақтан түбір мен жұрнаққа айырып, лексикалық мағынасына негізделіп тарихи қалыптасу ерекшеліктерін талдасақ, қазақ тілінде осы сөздің бастапқы лексикалық мағынасы негізінде қалыптасқан, тұлғалық жақтан өзгеше бір қыдыру сөздерді анықтауға болады. Орта түркі дәуіріндегі жазбаларда ұлайұ сөзіне лексикалық негіз болған «жалғау, жалғастыру» мағынасындағы ұла түбірі бар. Мысалы: Ол йіп ұлады. «Ол жіп жалғады» /МҚ III 255/7 Бұл сол кездің өзінде созылу, жалғасу сияқты ауыспалы мағыналарда да қолданылғандығы байқалады. Ұла түбірінен жасалған зат есім ұлағ /жалғау, жалғас, байланыс//SUV. 614.12/, «ұлағ-сапығ» «қатар-сап» /SUV. 1279/ сөздері бар. Ұла етістігінің етіс тұлғалары «ұлан, ұлаш, ұлат» болған. Ұла қазіргі бірқатар түркі тілдерінде /айталық, ұйғыр тілінде/ жалғау мағынасында әлі де қолданылады. Қазақ тілінде ұла сөзі осы қалпында қолданылмағанымен, одан жасалған ұлас (жалғасып жату) /тойдан тойға ұласты/ етістігі бар. Тіліміздегі ұлан байтақ дегендегі ұлан сөзі осы «ұла» түбірінен жасалған. Ұлан-байтақ тіркесі жалғасып жатқан шексіз, шетсіз мағынасын білдіреді десек, осы мағына көне түркі тілінде улсыз-түпсіз / SUV. 351.15/ түрінде айтылған. Демек, қазіргі ұлас, ұлан сөздері көне түркілік «ұла» етістігінің ортақ және өздік етіс формалары негізінде қалыптасқан деуге негіз бар. Біз улсыз-түпсіз тіркесінің лексикалық мағынасына негізделе отырып тағы жоғарыдағы «ұла» етістігінің алғашқы түбір емес, туынды түбір екендігін топшылай аламыз. Егер алғашқы түбір «ұла» болса, бұл тіркес ұласыз-түпсіз болып айтылар еді. Бірақ болымсыздық жұрнағы «ұл» түбіріне жалғанған. Сондықтан ең түпкі түбір «ұл» болуға тиісті. Ал «ұл» тұлғасында көне түркі тілінде негіз, түп, іргетас, табан мағынасында және езілу, үлбіреу мағыналарында екі «ұл» түбірі болғандығын байқаймыз. Бірақ олардың қай-қайсысын да «жалғау» мәніндегі «ұла» түбіріне негіз болған деп айтуға әлі ерте. Бұл жерде тек сөзге жалғанған жұрнақтардың түрліше болуына /ұла, ұлсыз/ қарай алғашқы түбір «ұл» деген қорытындыға

келуге болады. Көне түркілік «ұл» түбірінен және ұлғарт «ұлғайт» /Тон 53/, ұлғад «ұлғайт» /МҚ. II 268/, ұлұғ «үлкен, ұлы» /Тон 5/, ұлұш «елді, мекен» / Uig II 78.37/ сөздері жасалған. Мысалы: Арқұй қарағұғ ұлғартдым. «Арқұй қырауылын ұлғайттым» /Тон 93/. Қорыта айтқанда тіліміздегі «ұлғай, ұлғайт, ұлы, ұлық, ұлыс, ұлан, ұлас сөздерінің бастапқы түбірі ұл оны «жалғау» /етістік/ мағынасындағы «ұла» туынды түбірі және ұлсыз «шексіз» сөздері арқылы біле аламыз. Бұл сөздердің барлығына бір нәрсеге екінші бір нәрсенің жалғануы, жалғасуы, қосылуы нәтижесінде үлкею болатындығы сынды лексикалық мағына негіз болған. Мысалы: ұлұш /ұлыс/ сөзі елді мекен, қыстақ дегенді білдірген. Бұл жерде бір елді мекеннің бір-біріне жалғасып салынуы арқылы жүзеге асатыны белгілі. Сөйтіп, бастапқы ұлайұ сөзіне келсек, ол ұла етістігінен жасалған үстеу, мағынасы жалғасқан, ұласып жатқан болуға тиіс. Ұлайұ іні-йігүнім, оғланым---оғұшым, бодұным дегенде «маған жалғасып жатқан, менен тараған, менімен қатысы бар, байланысы бар деген мағынаны меңзейді. Көне түркі тілінде «тағы, және» мағынасында ұлаты формасы да болған. Мысалы: өглі қаңлы ұлаты кіші оғұл «шешесі, әкесі және әйелі, баласы» /SUV. 554.13/. Бұл жердегі «және» жалғасты, тағы дегенді білдіріп тұр. Ұлан- байтақ дегенді «ұлан» сөзі де ұласып жатқан, көсілген, байтақ дегенді білдіреді.

Күлтегін үлкен жазуында Күлтегін йадағын оплайұ тегді /ҚТҮ 32/ Азман ақығ бініп оплайұ тегді /ҚТҮ 45/, Аз йағызын бініп оплайұ тегді /ҚТҮ 45/ деген сөйлемдер бар. Осындағы оплайұ тегді тіркесі орысша «бросился в атаку (шабуылға өтті)» /С.Малов/ [4: 42], қазақша «шабуылға ұмтылды» [2: 23], опыра шабуылдады [5: 175] болып аударылып жүр. Бұларды мағыналық аударма ретінде қарай отырып, аталған тіркестің нақтылы мәніне нақтырақ талдау жасауға болады. Тіркестегі «тегді» сөзі қазіргі тиді екені белгілі. Ал «оплайұ» үстеулік форма. М. Қашқари сөздігінде осы сөзге түбір боларлық «оп» етістігі бар. Мысалы: Ер су опды «Ер су ішті» /МҚ I.172/. Бұл түбір қазіргі қазақ тілінде де осы тұлғада тұрып «Қомағайлана асау, жалмау т.б.» мағыналарда қолданылады. Мысалы: Арлан ауызын арандай ашып бір рет қар обып алды. /Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі [6: 370]/. Көрсетші жайын болып опқанынды. /Сонда/. «Обырдай опты» т.б. түбірге жалғанған қосымшаның дауысты немесе дауыссыздан басталуына қарай, соңғы п дыбысы б /об/ болып та айтылады. Демек көне түркілік оплайұ сөзінің түбірі оп, одан опла туынды түбір етістігі жасалған

оплайұ үстеулік тұлғасы осы опла етістігінен қалыптасқан. Мағынасы «жайпай, жалмай, қисыпыра, қырып-жойып» дегенді білдіреді. «Оплайұ тегді / Жайпап тиді; обып тиді/ қырып жойып тиді» болуға тиіс. Осы оп түбірінен жасалған тілімізде аса қауіпті, жалмағыш дерттің атауы болған оба сөзі, ашқарақ, көз тоймастықты білдіретін «обыр, обық» т.б. сөздері бар, «өп» сөзі де осы «оп» негізінде қалыптасқандығын айтар едік.

Пайдаланған әдебиеттер

1. А.С.Аманжолов. Түркі филологиясы және жазу тарихы. «Санат», А, 1996.
2. Ежелгі дәуір әдебиеті. Екінші кітап. Алматы «Ана тілі» 1991.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 4-том.
4. С.Е.Малов. Көне түркі жазба ескерткіштері. Москва, 1951.
5. С. Қаржаубай. Орхон мұралары. Бірінші кітап. Астана. 2003. 392б.
6. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы – 1966.
7. Көне түркі сөздігі. Ленинград-1969
8. Төрт батыр. Алматы 1990.
9. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 7-том.

Мақалада қолданылған шартты белгілер.

КТ – Күлтегін ескерткіші

КТҮ – Күлтегін үлкен жазуы

Тон –Тонйұққұ ескерткіші .

МҚ – М.Қашқари сөздігі

ҚБ – Құтты білік

ҚБН құтты білік наманған нұсқасы

ТТ VII – ұйғыр жазуымен жазылған әртүрлі мазмұндағы фрагменттер. Тұрфан коллекциясынан.

Оа – Онгин Ескерткіші

ЫБ – Ырық бітіг

SUV—шамамен X ғасыр, ұйғыр жазуымен жазылған 675 беттік 10 кітап Ленинградта сақтаулы. “Алтун ярук” құдайға құлшылық ету мазмұнында.

Uі§II — ұйғыр жазуымен жазылған буддистік мазмұндағы фрагмент

ҚБК—құтты білік Каир нұсқасы

**İNCE MEMED, ABAY ZHOLI VE ÖTKEN KÜNDER ROMANLARI
ÖRNEĞİNDE TÜRKİYE TÜRKÇESİ, KAZAK TÜRKÇESİ VE
ÖZBEK TÜRKÇESİNDE KARŞILAŞTIRMALI ÇEKİMLİ FİİLLER**

**«İNCE MEMED», «АБАЙ ЖОЛЫ», «ӨТКЕН КҮНДЕР»
РОМАНДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ, ӨЗБЕК, ТҮРІК ЕТІСТІКТЕРІНІҢ
САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕЛІНУІ**

**THE COMPARATIVE STUDY KAZAKH, TURKISH, UZBEK
VERBS IN THE NOVELS “INCE MEMED», «ABAY ZHOLI»,
«OTKEN KUNDER»**

Kamil ÖNEL*

Öz: Makalede, Türk, Kazak ve Özbek dillerinde karşılaştırma temel amacı ile fiillerin farklı şekillerinin ve bu üç Türk dili edebiyatının basit ve birleşik şekilde birbirlerine benzediği gözükmetedir. Basit çekimde ortak olan zaman ve mod son ekleri, ses eşitlikleri / değişiklikleri dikkate alınarak aynı tablolarda verilmiştir. Bileşik çekimdeki zaman ve mod eklerinin çekimi oldukça farklı olduğu için bu bölümde sekmeler ayrılmıştır. Her çekim ve zaman son ekinden önce, Türk alfabesinde (Göktürk, Karahanlı, Kıpçak, Çağatay) çekim ve zamanlar verilmiştir.

Anahtar Kelimeler: Dilbilgisi, Türk Dilleri, Zamanlar, Edebiyat Dili, Roman.

Abstract: Turkish, Kazakh and Uzbek languages in the basic purpose of comparing the different forms of verbs are similar and reveal the time in a simple and unified these three Turkish literary language. The time and mode suffixes common to simple shooting are given in the same tablelayer, taking into account the sound equations / changes. The tabs are separated in this section since the shooting of time and mode attachments in composite shooting is quite diverse. Before each mode and time suffix, the correspondence of the mode and time in the Turkish alphabet (Göktürk, Karahans, Kipchak, Caghatai) was given.

Keywords: Grammar, Turkic Languages, Verb Tenses, Literary Language, Novel.

* Cezayir Yunus Emre Enstitüsü Okutmanı (kamilonal33@gmail.com).

Аңдатпа: Мақалада түрік, қазақ және өзбек тілдерін салыстырудың негізінде кейбір атаулардың мағынасы айқындалады. Қарапайым атау үшін ортақ жұрнақтардың уақыты мен дыбыс теңдеуін/өзгерістерін ескере отырып, бір кестедеде түзіліп беріледі. Осы жүйе негізінде жалғаулардың ерекшеліктерін түсіндіруге болады. Әр суффикс алдында түрік алфавитінде (Көктүрік, Карахан, Қыпшақ, Шағатай) жалғауларындағы уақыттың сәйкестігі берілген.

Түйінді сөздер: Грамматика, Түркі Тілдері, Фразалар, Әдеби Тіл, Роман.

Modern dilbiliminde fiil çekimi karşılaştırmaları ilk defa Franz Bopp'un 1816 yılında basılan Sanskritçe, Yunanca, Latince, Farsça ve German dillerini karşılaştırdığı kitabında görülmektedir. Bopp bu çalışmasıyla akraba dillerin sadece ses denklikleri açısından değil, yapısal açıdan da karşılaştırılabileceğini ortaya koymuştur. Franz Bopp'tan önce karşılaştırmalı metod üzerinde duran W. Jones, F. Schlegel gibi dilbilimciler karşılaştırmalı metodu kullanırken sözcük kadrosu, ses denklikleri ve düzenli sapmalar üzerinde durmuşlardır.

Türkiye Türkçesi, Kazak Türkçesi ve Özbek Türkçesinde fiil çekimlerinin karşılaştırılmasındaki temel amaç bu üç Türk yazı dilindeki basit ve birleşik zamanların benzer ve farklı biçimlerini ortaya çıkarmaktır. Basit çekimde ortak olan zaman ve kip ekleri ses denklikleri/ değişlikleri de göz önünde bulundurularak aynı tabloda verilmiştir. Birleşik çekimde zaman ve kip eklerinin çekimleri oldukça çeşitlilik gösterdiğinden bu bölümde tablolar ayrılmıştır. Her kip ve zaman ekinde önce o kip ve zaman ekinin tarihi Türk yazı dillerindeki (Göktürk, Karahanlı, Kıpçak, Çağatay) karşılıkları verilmiştir. Zaman ve kip eklerinin bu tarihi lehçelerden günümüz Kazak, Özbek ve Türkiye Türkçesi yazı dillerine yolculuğu ve bu yolculuktaki devamlılıklar gösterilmiştir. Sonuç bölümünde tarihi Türk yazı dilleri ile günümüz Kazak, Özbek ve Türkiye Türkçeleri arasındaki ilişkiler üzerinde durulmuştur.

Türkiye Türkçesi, Kazak Türkçesi ve Özbek Türkçesinde fiil çekimlerinin karşılaştırılmasındaki diğer bir amaç ise bu yazı dillerinin konuşurlarının birbirlerinin dillerini öğrenmelerinde kolaylık sağlama düşüncesidir. Günümüzde yabancılara Türkçe öğretimi üzerine çıkan kitap, makale vb. materyallerin yanında Türk soylu halklara Türkçe öğretimi üzerine yapılan materyal geliştirme çalışmalarında gözle görülür bir artış vardır.

Karşılaştırmalı yöntemle dilbilgisi kurallarının öğretimi akraba Türk halklarına Türkçe öğretiminde en çok başvurulmuş yöntemlerden biridir.

Akraba Türk dillerinin fiil çekimi karşılaştırmaları konusunda Türk yazı dillerinin üç kolunu (Oğuz, Kıpçak ve Karluk) kapsayan müstakil bir tez ya da araştırma henüz bulunmamakla beraber Kazak ve Özbek Türk yazı dilleri üzerine yapılan fiil, fiil çekimi, kip konulu çalışmalara bakıldığında birleşik zamanlarda hikaye ve özellikle rivayet konuların çok kısa tutulduğu gözlemlenmiştir. Bu nedenle özellikle hikaye ve rivayet karşılaştırmalarında Kazakistan ve Özbekistan’da basılan gramer kitaplarından faydalanılmıştır. Hem basit zamanlarda hem de birleşik zamanlarda her zaman ve kipi altına Kazak, Özbek ve Türkiye Türkçelerinden örnek cümleler verilmiştir. Verilen cümle örneklerinin miktarı taranan romanlardaki kullanım sıklığı ile ilgilidir. Türkiye Türkçesi cümle örnekleri İnce Memed romanından, Kazak Türkçesi cümle örnekleri Abay Yolu romanından, Özbek Türkçesi cümle örnekleri Ötgen Künler romanından alınmıştır. Bu romanların seçilme nedeni, yazarlarının dilin imkanlarını kullanmadaki kabiliyetleri ve geniş hacimli olmaları nedeniyle bütün zaman ve kip eklerine örnek cümle bulunabileceği kanaatidir. Bununla beraber bu üç roman kendi memleketlerin edebiyat tarihinde önemli bir yere sahiptir.

Çalışmada Türkçede zaman, kip, kiplik tartışmalarına yer verilmekle beraber zaman ve kip eklerinin tasnifi Serebrenikov ve Gadjeva tarafından hazırlanan Sravnitelno- İstoričeskaya Grammatika Tyurkskih Yazıkov adlı eserdeki zaman ve kip kategorisine göre düzenlenmiştir. Serebrenikov ve Gadjeva’nın eserinde kip kategorisi istek kipi, emir kipi, şart kipi, gereklilik kipi olmak üzere dörde, zaman kategorisi ise şimdiki zaman, geçmiş zaman, gelecek zaman olmak üzere üç gruba ayrılmıştır.

Tez toplam dört bölümden oluşmaktadır. Birinci bölümde Kazak, Özbek ve Türkiye Türkleri ve bu halkların dilleri hakkında bilgiler verilmiştir. Bu bilgilerin muhtevası Kazak, Özbek ve Türk adlarının manaları hakkındaki çeşitli görüşler, Kazak, Özbek ve Türk halklarının kısa tarihi, kullandıkları alfabeler ve bu ülkelerde konuşulan standart dillerin dışında kalan diyalektlerdir.

İkinci bölümde zaman ve kip eklerine ait örneklerin alındığı romanlar ve yazarlar tanıtıldıktan sonra Yaşar Kemal’in İnce Memed, Muhtar Avezov’un Abay Yolu, Abdulla Kadiri’nin Ötgen Künler romanlarının özetleri verilmiştir.

Üçüncü bölümde çekimli bir fiilde şahıs, sayı konuları ele alınmıştır. Çekimli fiildeki şahıs ekleri fiilde ifade edilen oluş ve kılışın hangi şahıslar tarafından yerine getirildiğini bildiren gramer kategorisidir. Yani bu ekler fiildeki oluş ve kılışı bir şekil ve zaman kalıbı içinde şahıslara bağlayan eklerdir. Şekil ve zaman eklerinden sonra gelen şahıs ekleri, kendilerinden sonra yalnız soru ekleri alabilirler. Çekimli bir fiilde konuşan, dinleyen ve kendisinden söz edilen olmak üzere üç şahıs vardır. Bu şahısların teklik ya da çokluk biçimlerinde bulunmalarına göre, bunlara sayı kategorisi de eklenmiş olur. Şekil ve zaman ekleri genel olarak şahıs kavramını karşılamazlar. Ancak emir ve istek kipini oluşturan şekil ve zaman ekleri, aynı zamanda şahıs kavramını da içlerine aldıklarından, bu kiplerin öteki kipler içinde özel bir durumu vardır. Kazak ve Özbek Türkçelerinde de Türkiye Türkçesinde olduğu gibi zamir, iyelik ve emir kökenli şahıs ekleri bulunmaktadır.

Dördüncü bölümde fiil, fiilde zaman, görünüş kip ve kiplik konularına yer verilmiştir. Fiil tanımı konusundaki çeşitli görüşlere yer verdikten sonra fiilde zaman, görünüş, kip ve kiplik konuları hakkında yerli ve yabancı dilbilimciler ve Türkologlar tarafından çok çeşitli görüşler ortaya atılmıştır. Bu bölümde, ortaya atılan görüşler toparlanmaya çalışılmıştır.

Fiilde zaman konusundaki görüşler, fiil zamanı ve gerçek zaman ayrımı ekseninde şekillenmiş ve bu ayrımın kökeninin Aristo'ya kadar uzandığı ifade edilmiştir. Bunun yanında fiil zamanı ve gerçek zamanın farkı üzerinde durulmuştur. Fiilde zaman konusunun ardından ilk çağ Yunan ve Roma felsefecilerinden itibaren her zaman tartışılmakta olan fiilde görünüş konusu ele alınmış yerli ve yabancı dilbilimcilerin görünüş hakkındaki fikirleri özetlenmiş ve görünüş türlerine yer verilmiştir. Günümüzde görünüş tasnifleri en çok dilbilgisine dayalı görünüş, sözlüğe dayalı görünüş ve aşama görünüşü (kılınışı) olarak yapılmaktadır. Dilbilgisine dayalı görünüş kendi içinde bitmişlik, bitmemişlik, yansı, sürme görünüşü olarak, sözlüğe dayalı görünüş ise kendi içinde durum, etkinlik, tamamlanma, başarıma, ani, başarıma-seviye olmak üzere altı kategoriye ayrılmıştır. Bu tasnifler tüm dilbilimciler tarafından kabul edilmemekle beraber en çok kullanılan tasniflerdir.

Beşinci bölüm çekimli fiillere ayrılmıştır. İngilizce “finite verb”, Almanca “verbum finitum”, Fr. “verbe fini”, Osmanlıca “ tasrifli fiil, fi’l-i munsarif” olarak adlandırılan fiil çekimi bu bölümde kendi içerisinde basit çekim ve birleşik çekim olarak iki bölümde incelenmiştir. Basit çekim bölümünde basit fiil kipleri geçmiş zaman, şimdiki zaman, gelecek zaman,

istek, gereklilik, şart ve emir kipleri olarak ayrılmış ve içlerindeki değişik şekiller ise I. tip, II. tip, III. tip şeklinde tasnif edilmiştir. Fiillerin birleşik çekimi ise hikaye, rivayet ve şart olarak üç kısımda incelenmiştir. Fiilin birleşik çekiminde ekler birbirinden oldukça farklı olduğundan eklerin tek bir tabloda değil ayrı tablolarda gösterilmesi uygun görülmüştür. Türkiye gramerciliğinde “geniş zaman” Batı gramerlerinde “aorist” olarak kabul edilen –Ar ekli kip Türk yazı dillerinin birçoğunda “gelecek zaman” olarak kabul edildiğinden çalışmada –Ar ekli kip gelecek zamanın içerisinde değerlendirilmiştir. Eski metinlerde de görülen ve sık kullanılan bu kip başlangıçta gelecek zamanı nadir olarak ifade etmekle beraber kipi en temel iki fonksiyonu genel hükümleri ifade etmek ve şimdiki zamanı bildirmek idi. Kiplerin ünlü ve ünsüzle biten fiil köklerine eklendiklerinde aldıkları şekil ve şahıslara göre çekimleri de tablolardan sonra tek tek sıralanmıştır. Fiillerin birleşik çekiminde ise Kazak, Özbek ve Türkiye Türkçelerindeki zaman ve kip ekleri bu üç yazı dilinde ortak olanlardan başlayarak tablolarda gösterilmiştir. Her kip ve zaman ekinin olumlu çekimine tablo içerisinde olumsuz ve soru çekimine tabloların altında yer verilmiştir. İnce Memed, Abay Yolu ve Ötgen Künler romanından taranan örnekler yine tabloların ardından sıralanmıştır.

Türkiye’de günümüzde Türk yazı dilleri üzerine yapılan karşılaştırmalı çalışmalar genelde morfoloji ağırlıklıdır. Fiilimsiler, yapım ve çekim ekleri, çatılar, birleşik fiiller, yapım ve çekimleri üzeri konularında hazırlanmış tezler mevcuttur. Yapılan çalışmaların merkezinde Türkiye Türkçesi bulunmaktadır. Oğuz, Kıpçak grubu Türk yazı dillerinin çeşitli morfolojik yönlerinin karşılaştırılmasıyla ilgili çalışmalar da vardır. Fiil çekimi karşılaştırmaları konusunda ise en önemli araştırma Devlet Planlama Teşkilatının kararı ve mali desteğiyle yürütülen projenin ürünü olan Ahmet Bican Ercilasun, Leyla Karahan ve Mehmet Fatih Kirişçioğlu’nun redaktör olarak yer aldığı Karşılaştırmalı Türk Lehçeleri Grameri 1 – Basit Çekim isimli eserdir. Bu eserde yirmi Türk yazı diline ait basit zamanlar tasnif edilmiş ve karşılaştırılmıştır. Eserin önsözünde Türk Yazı dilleri üzerine basit çekimden başka konularda da karşılaştırma çalışmalarının yapılacağı bildirilmiştir. Murat Ceritoğlu ise Necmettin Hacıeminoğlu danışmanlığında Türkiye Türkçesi ile Mukayeseli Kazak Türkçesi Fiil Çekimi isimli yüksek lisans tezi hazırlamıştır. Bunların dışında Türkiye Türkçesi ile diğer Türk yazı dillerini mukayese eden morfoloji çalışmaları da mevcuttur. Bu eserlerin önemli bir bölümü edebi metinler üzerine yapılan gramer incelemeleridir. Çalışmada

Türk yazı dillerinin üç grubunu temsil eden Türkiye Türkçesi, Kazak Türkçesi ve Özbek Türkçesi çekimli fiillerinin karşılaştırılması ile karşılaştırmalı gramer çalışmaları sahasına ufacık da olsa bir taş ile katkı yapılmak istenmiştir.

KAYNAKÇA

1. Acarlar, Kevser. “Fiil Kiplerindeki Anlam Kaymalarının Sebepleri.”, Türk Dili, Ankara, (1963) : Sayı 213, s.253.
2. Akalın, Mehmet. Tarihi Türk Şiveleri. Ankara: Türk Kültürü Araştırma Enstitüsü, 1998.
3. Akerson- Erkman Fatma, ve Özil, Şeyda. Türkçede Niteleme Sıfat İşlevli Yan Tümceler. İstanbul: Simurg Yayınları, 1998.
4. Alpargu, Mehmet, İslam Ansiklopedisi, Cilt 25, (Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı Yayınları, 2002).
5. Benzer, Ahmet, Fiilde Zaman Görünüş Kip ve Kiplik, (Yayınlanmamış Doktora Tezi), Marmara Üniversitesi, İstanbul, 2008.
6. Biray, Nergis, Ayan, Ekrem ve Ercilasun Kurmangalieva. Güljanat. Çağdaş Kazak Türkçesi. İstanbul: Bilge Kültür Sanat Yayınları, 2015.
7. Bozkurt, Fuat. Türklerin Dili. İstanbul: Kapı Yayınları, 2005.
8. Buran, Ahmet, ve Alkaya, Ercan. Çağdaş Türk Lehçeleri. Ankara: Akçağ Yayınları, 2007.
9. Buran, Ahmet, ve Alkaya, Ercan. Çağdaş Türk Yazı Dilleri 2 (Güneydoğu/ Karluk Grubu). Ankara: Akçağ Yayınları, 2014.
10. Buran, Ahmet, ve Alkaya, Ercan. Çağdaş Türk Yazı Dilleri 3 (Kuzeybatı / Kıpçak Grubu). Ankara: Akçağ Yayınları, 2014.
11. Buran, Ahmet, Alkaya, Ercan, ve Yalçın, ve Süleyman Kaan. Çağdaş Türk Yazı Dilleri1 (Güneybatı/ Oğuz Grubu). Ankara: Akçağ Yayınları, 2014.
12. Demir, Nurettin, ve Yılmaz, Emine. Türkçe El Kitabı. Ankara: Grafiker Yayınları, 2003.
13. Doğan, Günay. Göstergibilim Yazıları. İstanbul: Multilingual Yayınları, 2002.
14. Doğan, Levent, Durmuş, Oğuzhan, Hünerli, Bülent, Şuataman, Özlem, ve Efendiyeve, Ahmediyye. Çağdaş Türk Lehçeleri El Kitabı. İstanbul: Kriter Yayınları, 2007.
15. Doğan, Oğuz. “Muhtar Avezov ve Eseri: Abay Yolu.” Türk Edebiyatı, (Ekim 1997): sayı 288, , s.34-35.

**BAĞLAÇLAR VE EDATLAR: ORTAK FORM, FARKLI
KATEGORİLER VE KONTRAS TEORİSİ**

**КӨМЕКШІ СӨЗДЕР: ОРТАҚ ФОРМА, ӘРТҮРЛІ КАТЕГОРИЯ
ЖӘНЕ КОНТРАСТЫ ТЕОРИЯ**

**CONJUNCTIONS AND PARTICLES: GENERAL FORM,
DIFFERENT CATEGORIES AND CONTRAST THEORY**

Kasiet MOLGAZH DAROV*

Öz: Makale bağımsız birim kelimelerin tüm morfolojik işaretlerine sahip ve bir biçim ve içerik, bağımsız tasarım ve bağımsız anlamın birliğini temsil eden hizmet kelimeleri ile ilgilidir. Söz konusu bu kelimeler dilbilimsel ilişkileri ifade eder, fakat bu dilbilimsel anlam kendi sözcüksel anlamıdır. Burada “çelişki” içinde olmayan, birbirini dışlamayan, kelime ve dilbilgisinin canlı diyalektik birliği vardır. Bunlar gramer ilişkilerini ifade eder, ancak bu gramer anlamı kendi sözlü anlamıdır. Burada, “çelişki” içinde olmayan, birbirlerini dışlamayan canlı ve diyalektik bir birliktelik sözlüğü ve dilbilgisi birliği vardır. Resmi kelimeler, bağlı oldukları önemli kelimeler arasındaki gramer kategorisini veya gramer ilişkisini ifade eder; ancak bu resmi kelime kendisi için kullanılan anlam, kendi sözcüksel anlamıdır.

Anahtar Kelimeler: Yardımcı Kelimeler, Çekimler, Orhun, Runik, Eski Türk.

Abstract: The article deals with service words that have all the morphological signs of independent unit-words, and represent a unity of form and content, independent design and independent meaning. They express grammatical relations, but this grammatical meaning is their own lexical meaning; here there is a living dialectical unity of vocabulary and grammar, which are not in “contradiction”, do not exclude each other. Official words express a grammatical category or grammatical relation between those significant words with which they are connected, but this meaning for the official word itself is its own lexical meaning.

* Молгаждаров Қ.К., Тараз Инновациялық-гуманитарлық университеті, Түркітану ғылыми-зерттеу Орталығының директоры (kasiet_k@list.ru).

Keywords: Auxiliary Words, Conjugations, Orkhon, Runic, Ancient Turkic.

Аннотация: В статье рассматриваются служебные слова, которые имеют все морфологические признаки самостоятельных едениц-слов, и представляют собою единство формы и содержания, самостоятельного оформления и самостоятельного значения. Они выражают грамматические отношения, но это грамматическое значение и является их собственным лексическим значением; здесь есть живое диалектическое единство лексики и грамматики, которые не находятся в «противоречии», не исключают друг друга. Служебные слова выражают грамматическую категорию или грамматическое отношение между теми знаменательными словами, с которыми они связаны, но это значение для самого служебного слова есть его собственное лексическое значение.

Keywords: Вспомогательные Слова, Спряжения, Орхон, Руническое письмо, Древнетюркский язык.

Көмекші сөздердің семантикалық жағы қай тілде болмасын екі түрлі көзқараста қалып отыр. Алайда, тіл білімінде көмекші сөздердің лексикалық мағынасы болмайды деген пікір басымырақ. Мәселен, Ф.Ф.Фортунатов, М.Терентьев, Ф.Зейналов, А.М.Пешковский, И.И.Мещанинов, А.А.Шахматов, Н.Оралбаева т.б. сынды біршама ғалымдар көмекші сөздерде лексикалық мағына болмайды десе, А.А.Реформатский, А.И.Смирницкий, Н.К.Дмитриев, Х.М.Ходжилаев, Л.С.Бархударов, В.М.Жирмунский, Н.Хаджыеминов, М.Оразов т.б. сынды біршама ғалымдар көмекші сөздерде әрі лексикалық, әрі грамматикалық мағына болады деген пікірді ұстанады. Жалпы лингвист ғалымдардың көмекші сөздер тобының семантикасына, қалыптасуына, мағыналық топтарына т.б. мәселелеріне қатысты өзіндік пікірлері жеткілікті. Мәселен, XIX-шы ғасырдың аяқ кезіне қарай жазылған П.М.Мелиоранскийдің еңбегінде көмекші сөздер «лексикалық мағынасы бар және лексикалық мағынасы жоқ» деп екіге бөлініп қарастырыла бастайды/1/. Бұл оның өзіне дейінгі авторлардан ерекшелігі болып есептеледі және қазіргі тілімізге бір табан жақын болып келеді. Ал қазақ лингвистикасында сөз тарихы, сөз мағынасы жайлы пікір Қ.Жұбановтың 1930 жылғы «Мағынасыз сөздердің мағынасы» деген баяндамасынан басталып, бүгінгі зерттеулерде де сөздің мағынасы туралы ой-пікірлер мен тұжырымдар толастаған емес.

Л.С.Бархударовтың «Служебные слова и их функций» деген мақаласында қай тілде болмасын көмекші сөздердің қалыптасу үдерісін өте ұзақ мерзімде және оның тамыры адамның өз ойлау қабілетімен байланысты болатындығын және көмекші сөздердің лексикалық мағынасы барын мысалдар арқылы дәлелдеуін орынды деп санап, ерекше айта кеткеніміз жөн. Автор А.М.Пешковский, С.Д.Кацнельсонның пікірлеріне және В.Виноградовтың көмекші сөздерге берген жеті белгісіне дәлелді ой айтып, көмекші сөздердің лексикалық мағынасына қатысты пікірін былай білдіреді: «А поскольку служебные слова имеют все морфологические признаки самостоятельных едениц-слов, постольку они представляют собою единство формы и содержания, самостоятельного оформления и самостоятельного значения, т.е. в этом отношении ничем не отличаются от слов вообще. Стало быть, неверно говорить, что они не имеют никакого лексического значения. Они, правда, выражают грамматические отношения, но это грамматическое значение и является их собственным лексическим значением; здесь нет никакого противоречия, но есть живое диалектическое единство лексики и грамматики, которые не находятся в «противоречии», не исключают друг друга. Служебные слова выражают грамматическую категорию или грамматическое отношение между теми знаменательными словами, с которыми они связаны, но это значение для самого служебного слова есть его собственное лексическое значение»/2:15/. Автор одан әрі көмекші сөздердің әрқайсының ерекшелігін ескере отырып, атауыш сөздер грамматикалық көрсеткіш қызметіне ауысқан жағдайда, өзінің бастапқы лексикалық мағынасын қандай (толық не жартылай) дәрежеде болсын сақтап, көмекші сөздің қызметінде бола тұрып бастапқы мағынасынан мүлде ажырамай, толығымен грамматикалануға ұшырамайтындығын және сөйлемде көмекші сөздерді көрсетіп тұратындай үш белгісін де айта кеткен. Сол сияқты А.А.Реформатский А.И.Смирницкийдің пікіріне қосыла отырып, сан есімдер сияқты көмекші сөздердің де өзіндік лексикалық мағынасы (суппозиция) болатындығын дәлелді түрде айтады/3:295/. Типологиялық тұрғыдан ерекшеленетін араб тілінде де көмекші сөздердің «жеке тұрғанда мағынасы жоқ, өздеріне тән лексикалық мағыналары солғындаған есім және етістікпен тіркесіп, грамматикалық мағынаға ие болатын сөз табы» екендігі түркі тілдерімен сәйкесіп жатады/4:8/. Славян тілдерінде де осы

тәріздес болып келетінін түркітанушы ғалымдар жақсы біледі. Бүгінгі күні ғалымдардың арнайы зерттеген еңбектерінде көмекші сөздердің барлығы дерлік атауыш сөздерден, яғни толық мағыналы сөздерден ерте кезде қалыптасқандығы айтылғанмен, олардың нақты ауысу жолдары мен дербестік категориясы бір шешімге келмеген. Теориялық тұрғыдан алып қарағанда атауыш сөздердің дербестік мағыналары жалпыланып, содан соң «абстракциялануы, грамматикалануы» тәрізді процестерден көмекші сөздерге айналады деген тұжырым негіз болып отыр. Мәселен, В.М.Жирмунский лексикалық мағынаның солғындауын оның грамматикалануы деп түсінеді де, кең мағыналы сөздер ғана грамматикалану қасиетке ие болады және көмекші сөз қызметінде қолданылатын бірлік тіл заңдылығы бойынша лексикалық мағына шеңберін кеңейтіп, өзінің дербестігінен ажырайды деген пікірде болады/4:88/. Сөйтіп, тілдегі қолданыстың не уақыттың өту өлшеміне байланысты кейбір атауыш сөздердің тұлғасы мен мағынасы, сөйлемдегі атқаратын қызметінің өзгеруі заңдылыққа айналған. Әрбір бірліктегі мұндай заңдылықтар мен кейбір сөздердегі ортақ белгілер өзара байланысып, тіл элементтерінің белгілі бір жүйе ретінде өмір сүру-сүрмеуіне жағдай туғызады. Яғни, тілде «қажетсіз» деп танылған сөздер немесе грамматикалық формалар қолданыстан шығарылып, қажетті бірліктер (сөздер) тіл айналымына қосылып отырылады.

Сонымен тілдің даму барысында сөздер бір сөз табынан екінші бір сөз табына өтіп, өзінің бастапқы мағынасынан айырылып, басқа сөз табына тән лексика-грамматикалық мағынаға ие болуы – тілдің табиғи заңдылығы. Мұндай дербес сөздің көмекші сөзге ауысу заңдылығын А.М.Щербактың: “Черезвычайно любопытен механизм перехода от конкретного значения к обобщенному и затем к служебной функции” дегенімен ұштастырса болады /6:88/. Яғни, бастапқы мағынасы жалпылану арқылы көмекші сөздің қызметіне ауысады. Қалай дегенмен де сөздердің ауысуында лексикалық мағынамен бірге категориялық және грамматикалық мағына да өзгереді. Осы негізде М.Оразов «Атауыш сөздерден көмекшілерге» деген мақаласында Е.Т.Черкасованың: «Сөздер көмекші сөздер қатарына өте бастағанда өздерінің о бастағы категориялды мағынасын өзгертеді» деген пікірін келтіре отырып, «бұл – тек атауыш сөздер мен көмекші сөздер аралығында болатын құбылыс емес, атауыш сөздер аралығында да болып тұратын құбылыс», яғни жалпы сөздердің бір-біріне

ауысуындағы ортақ құбылыс екендігін айтады. Ғалым одан әрі сөздердің тарихи даму процесінде бір лексика-грамматикалық топтан екінші бір лексика-грамматикалық топтың қатарына өткенде тек лексикалық мағынасын өзгертіп қана қоймай, категориялық пен грамматикалық мағыналарын да өзгертетіндігін мысалдармен көрсетеді. Сөйтіп мынадай қорытынды жасаған: «Біріншіден, көмекшілер дербес сөз болып есептеледі. Екіншіден, көмекшілердің барлығы да әрі лексикалық, әрі грамматикалық мағынаға ие болады. Үшіншіден, көмекші сөздердің көпшілігі (демеуліктерден басқалары) сөздердің тұлғалық тұтастығын сақтайды. Төртіншіден, сөйлемде сөйлеген кезде олар өз алдына бөлініп тұрады»/7:34/. Ф.Зейналов В.Юриннің “егер лексикалық мағына болмаса, онда грамматикалық мағына да жоқ. Сол себепті көмекші сөздердің лексикалық мағынасы болмау керек” дегенін айта келе, сөйлем ішінде шылау сөздердің әртүрлі синтаксистік қатынасты білдіруіне орай оларды лексика-грамматикалық единица ретінде сипаттауға болатындығын айтады /8:28/. Ал Н.К.Дмитриев көмекші сөздердің дербес сөздерден бөлінуінің бір жолы екпін деп дәлелдейді. Л.Теньер мұны тарихи тұрғыдан қарастырып, дербес сөздердің өз автономиясын жоғалтуының нәтижесінде көмекші сөздердің пайда болғаны туралы ой айтқан. В.М.Жирмунский айтуынша көмекші сөздер ие болған о бастағы лексикалық мағына кейде жартылай, кейде толық абстракцияланады. Бұл процесті А.Ысқақов «десемантикалану» деп атайды /9:130/. 2002 жылғы шыққан Қазақ грамматикасында көмекші есімдердің лексикалық мағынасының бары жайлы былай берілген: «Шынтуайтқа келсек, көмекші есім деп отырғанымыздың өзі – дербес лексикалық мағынасы бар сөздер, бірақ тіл дамуы барысында олар бастапқы лексикалық мағынасымен қатар тәуелдік жалғауын қабылдап, соған орай өзінің анықтауышы болатын сөзге селбесіп, соның жетегінде, шылауында айтылатын көмекшіге айналған»/10:448/. Мысал үшін үст сөзінің әртүрлі семантикасын алып қарайық: үсті-басы – зат есім, қос сөз; үстіңгі – туынды сын есім; үсті-үстіне – үстеу, қос сөз; (бір заттың) үсті, төбесі, жоғары, биігі – зат есім, синоним сөздер; асты, үсті – антонимдік жұп; ат үсті – тұрақты тіркес; оның үстіне (сен келдің) – көмекші сөз (есім). Егер осы бойынша алып қарайтын болсақ, онда көмекші есімдер лексикалық және грамматикалық мағыналарды иеленетін, тұлғалық тұтастықты

сақтайтын, сөйлемде өз алдына бөлек тұратын сөздер болып берілуі қажет.

Сонымен түркі тілдерінен морфологиялық құрылымы жағынан өзге тілдерде де көмекші сөздер семантикасына ұқсас-ерекшеліктері мен әртүрлі көзқарастардың бары сипатталды. Бірақ, әр типтік тілде көмекші сөздердің жалпы ұғымы ортақ болғанымен, қалыптасып дамуы мен тілдік қасиеттері жағынан айырмашылықтары бар. Мысалы оны «Тіліміздегі дербес сөздердің грамматикалық даму нәтижесінде алғашқы лексикалық мағынасынан толықтай не жартылай айырылып, атауыш сөздердің алдында тұрып немесе соңынан тіркесіп келіп мағына үстейтін, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын, өз алдына жеке тұрып сөйлем мүшесі бола алмайтын сөздерді көмекші сөздер дейміз» деген анықтамасынан-ақ көруімізге болады. Жалпы көмекші сөздердің мағынасына қатысты айтылған Л.С.Бархударов, В.М.Жирмунский, А.А.Реформатский, М.Оразов, А.И.Смирницкий пікірлерін қолдай отырып, көмекші сөздер тобының әртүрлі қызметіне сәйкес өзіндік лексика-грамматикалық семантикасы болатынын және оны көмекші қызметке ауысқан сөздің жаңа сападағы мағынасы деп білеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казахо-киргизского языка. Оренбург: Типография имп. АН, -1894, Ч. I, 80 с.
2. Бархударов Л.С. Служебные слова и их функций // Труды военного института иностранных языков. М.: 1952, №1
3. Реформатский А.А. Введение в языковедение. М.: Аспект-Пресс. 2007. -536
4. Бүркітбай Г.Ж., Еллек Х. Араб тілінің морфологиясы. Алматы: 2000, -190 б.
5. Жирмунский В.М. Об аналитических конструкциях // Аналитические конструкций в языках разных типов. М.: -Л., 1964, -88 с.
6. Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из восточного Туркестана. М.,Л.: Изд-во АН СССР, 1961. -204 с.
7. Оразов М. Атауыш сөздерден көмекшілерге. Алматы: Қазақстан мектебі. 1991, №12

8. Зейналов Ф. Служебные части речи в современных тюркских языках. Автореферат дисс. док.филол. наук. Баку: 1966, -84с.

9. Алтаева А. Көмекші сөздердің семантикасы. Оқу құралы. Алматы: -2006, -143 б.

10. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. Астана: -2002. 784 бет.